

ISSN 2413-4953*Индөкс 75781

НАУЧНО-ПРАКТИЧЕСКИЙ ЖУРНАЛ

ТРАНЗИТНАЯ

ЭКОНОМИКА

В НОМЕРЕ:

2
2018

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДА САЛЫҚТЫҚ РЕТТЕУДІҢ
ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ҮДЕРІСТЕРГЕ ӘСЕРІ

МОДЕЛИРОВАНИЕ ПЕРСПЕКТИВНОГО ФИНАНСОВОГО
СОСТОЯНИЯ КОМПАНИИ

ЗЕЙНЕТАҚЫ АКТИВТЕРІН БАСҚАРУДЫҢ ӨДІСТЕМЕЛІК ҚҰРАЛДАРЫ

ТРАНЗИТНАЯ ЭКОНОМИКА

Научно-практический журнал «Транзитная экономика» является одним из ведущих периодических научных изданий Республики Казахстан в области экономических наук, издается с июля 1997 года, имеет свою стабильную аудиторию.

На страницах журнала Вы найдете широкий спектр различных мнений и полезную информацию по вопросам экономической политики, разработки экономического механизма индустриально-инновационного развития Казахстана, проблемам развития отдельных отраслей и сфер экономики.

Публикации журнала ориентированы на специалистов и аналитиков республиканских и региональных органов управления, государственного сектора экономики, крупных народнохозяйственных структур, высших учебных заведений и научно-исследовательских институтов, студентов, магистрантов, докторантов и круг читателей, проявляющих профессиональный интерес к проблемам социально-экономического развития. В редакционный совет входят ведущие ученые-экономисты Казахстана, ближнего и дальнего зарубежья.

Периодичность выхода журнала – один раз в 3 месяца.

Подписку на журнал можно оформить во всех почтовых отделениях «Казпочта», в подписных агентствах «Казпочта», «Евразия-Пресс», «Эврика-Пресс».

Индекс подписки 75781. Подписная цена на год для физических и юридических лиц – 10 000 тенге.

Издатель ИП «ХАНШАЙЫМ»:
ИИК KZ90826A1KZTD2020958, КБЕ 19
в Филиале АО «АТФ Банк» г. Алматы:
БИК ALMNKZKA, БИН 721019401132

Условия подписки и размещение статьи:

Обращаться в редакцию по адресу:

050050, г. Алматы, ул. Сатпаева, д. 30а, офис 62

Сайт: www.tranzek.kz

E-mail: tranzit_ek@mail.ru, aijan1910@mail.ru

Телефоны: 8 (747) 373 93 26, моб. 8 (701) 373 93 26

ISSN 2413-4953

Научно-практический журнал
«Транзитная экономика»

Издается с июля 1997 года

Учредитель:
ИП «Ханшайым»

Главный редактор
Айжан Асилова

Редакционная коллегия:
Узан Искаков
(Казахстан)
Жанар Аубакирова
(Казахстан)
Валентина Бондаренко
(Россия)
Асан Сатмурзаев
(Казахстан)
Петя Колева
(Франция)
Айгуль Садвакасова
(Казахстан)
Ерканат Темирханов
(Казахстан)
Жангельды Шимшиков
(Казахстан)
Раушан Азбергенова
(Казахстан)
Салима Барышева
(Казахстан)

Журнал
зарегистрирован
в Министерстве
связи и информации
Республики Казахстан

Свидетельство
№ 14503-Ж

СОДЕРЖАНИЕ

ВОПРОСЫ ТЕОРИИ

Бекбаева М.К.
Кәсіпорынның шығындарын басқару жүйесін жетілдіру..... 4

Глеужанова Д.А., Тәжкен А.Ә.
Қазақстан Республикасында салықтық реттеудің әлеуметтік-экономикалық үдерістерге әсері..... 12

ГЛОБАЛЬНАЯ И РЕГИОНАЛЬНАЯ ИНТЕГРАЦИЯ

Чивазова А.З., Вайнце З.Р.
Моделирование перспективного финансового состояния компании..... 21

Жантаева А.А., Еспенбетова Н.Н.
Құрылыс ұйымдарында «директ-костинг» әдісін пайдалану..... 31

Даметхан И., Барышева С.К.
Основные этапы и процедуры внутреннего аудита..... 40

МАКРОЭКОНОМИЧЕСКАЯ ПОЛИТИКА

Жантаева А.А.
Зейнетақы активтерін басқарудың әдістемелік құралдары..... 46

За содержание публикуемых в журнале авторских материалов и рекламы редакция ответственности не несет.

Мнение автора не всегда совпадает с мнением редакции.

Подписной индекс
75781

Формат 70×108 1/16.
Бумага офсетная
Печать Riso
Тираж 500 экз.
Цена договорная

050050, г. Алматы,
ул. Сапиева, д. 30а,
офис 62

Тел.: 8 (747) 373 93 26,
8 (701) 373 93 26

www.tranzek.kz
tranzit_ek@mail.ru,
aijan1910@mail.ru

Отпечатано в
издательском
центре журнала
«Транзитная экономика»

©Транзитная экономика
2018

Тлеужанова Д.А., Аяпова Ж.Б.
Қазақстандағы микроқаржыландыру жүйесінің жағдайын талдау және бағалау..... 55

Турысбай М.Ж., Кошкарбаев К.У.
Основные направления стратегических решений по повышению конкурентоспособности предприятия..... 65

ИНСТИТУТЫ И ЭКОНОМИЧЕСКОЕ РАЗВИТИЕ

Ибраева Ж.Н., Мейрманова Н.Т.
Развитие системы оценки эффективности активных операций в системе банковского риск-менеджмента..... 77

Касенова Б.А., Ахатова З.С., Жубатова А.М., Кауменова Н.А.
Ағынды сулардың экологиялық мәселелері..... 87

Ахметқали А., Үсен Ф., Берик А.
Қаржылық талдаудың ақпараттық базасы мен әдістері..... 93

Турысбай М.Ж., Кошкарбаев К.У.
Повышения конкурентоспособности предприятия..... 101

Сведения об авторах..... 113

Информация о членах редакционной коллегии..... 115

Требования к содержанию и оформлению статей

ВОПРОСЫ ТЕОРИИ

МРНТИ 06.81.45

М.К. Бекбаева, аға оқытушы, экономика ғылымдарының магистрі
Алматы Технологиялық Университеті, Алматы қ., Қазақстан

КӘСІПОРЫННЫҢ ШЫҒЫНДАРЫН БАСҚАРУ ЖҮЙЕСІН ЖЕТІЛДІРУ

Түйіндеме. Мақалада кәсіпорында пайданы ұлғайту, өндіріс тиімділігін арттыру мен оның қызметінің жоғары нәтижелеріне өнім өткізу шығындарын тиімді басқару арқылы қол жеткізілетіндігі туралы айтылған. Шығындарды басқару – кәсіпорынның жоғары экономикалық нәтижеге қол жеткізу құралы болып табылады. Ол тек шығындарды төмендету емес, ол басқару элементтерінің барлығына қатысты болады. Әрбір кәсіпорында шығындарды рационалды деңгейге дейін төмендетуге резервтері бар, ал ол өз кезегінде қызметтің экономикалық тиімділігін арттыруға, кәсіпорынның бәсекеге қабілеттілігін арттыруға мүмкіндік береді. Шығындарды төмендету кәсіпорынның өз өнімдеріне (жұмыстарына, қызметтеріне) барынша төмен, икемді бағаларды анықтауға мүмкіндік береді, ол өз кезегінде, бәсекелестердің алдында маңызды артықшылық беретін болады. Қатаң бәсекелестік жағдайында төмен өндіріс шығындарына ие өндіруші ұтады, осы себепті кәсіпорын үнемі техника және технология деңгейін және өндірісті ұйымдастыру әдістерін жетілдіріп отырады және техника, қызмет көрсету және өндірісті ұйымдастыру саласындағы барлық жаңа және озықтарды енгізеді. Сондықтан, әрбір кәсіпорын жоғары экономикалық тиімділікке қол жеткізу үшін шығындарды талдаудың және оларды тиімді басқарудың жолдарын іздегені маңызды.

Түйінді сөздер: өзіндік құн, шығын, шығындарды басқару, басқару шешімдері.

Кіріспе. Кез-келген экономикалық қызметтің маңызды критерийі үнемділік қағидасын сақтау болып табылады. Оның бір нұсқасы – ең төменгі шығындармен берілген нәтижеге қол жеткізу деген мақсатты шешу болып саналады. Кәсіпорынның ағымдағы шығындарын басқару жүйесін құру осы қағиданы жүзеге асыруға бағытталған.

Өнім бағалары сұраныс пен ұсыныс қатынастары нәтижесінде қалыптасатын және өндірушіге тәуелді болмайтын бәсекелі нарықта шығындарды басқару өндірістің экономикалық нәтижесін арттырудың маңызды факторы болып табылады. Сондықтан, кәсіпорындар қолдағы бар ресурстарды рационалды қолдана отырып, оларды азайту резервтерін табуға мүдделі болуы керек.

Эксперименталды бөлім. Өзіндік құнды әртүрлі жолдармен азайтуға болады. Бұл жерде инженерлік, ұйымдастырушылық, экономикалық және бухгалтерлік деген негізгі төрт бағаттарды ажыратып көрсетуге болады.

Инженерлік бағыт аясында жобаланған өнімді барынша рационалды жобалау туралы, оның өндірісінің неғұрлым тиімді технологиялары туралы, сондай-ақ кәсіпорында өндірілетін бұйымдардың конструкциясы технологиясы туралы, мысалы, қолданылатын технологиялық үрдістерді оңтайландыратын немесе еңбек өнімділігін арттыратын материалдар мен энергия тұтыну көлемін азайту туралы шешімдер қабылданады.

Ұйымдастырушылық бағыт аясында өндіріс пен еңбекті ұйымдастыруды жетілдіру, кәсіпорынды басқару құрылымының, барынша озық және мейлінше шығынды жүйелерін пайдалану мәселелері шешіледі.

Экономикалық бағыт құралдарды пайдалануды мен материалды-техникалық жабдықтауды жақсартуға, шығындарын қысқартуға, өнім құрылымы мен көлемін өзгертуге және т.б. бағытталған қажетті басқару шешімдерін қабылдаумен байланысты жоспарлау және алынған нәтижелерді талдау көмегімен шығындарды тиімді басқаруға қатысты кең сұрақтар мен мәселелерді шешудің бағыт шығындарды барынша тиімді, нақты және ақпараттық есепке алу сұрақтарын шешеді және кәсіпорын үшін оңтайлы есеп саясатын қабылдау арқылы шығындарды басқару жүйесі қазіргі заманғы өндіріс қажеттіліктеріне бағатталуы тиіс. Атап айтқанда:

- өндірістік процестерді жеделдету, мүмкіндігінше операциялардың санын азайту, өндірістік процесті жеңілдету;
- аяқталмаған өндіріс және материалдық-энергетикалық ресурстардағы қорлардың деңгейін қысқарту;
- кәсіпорынның барлық қызметкерлерінің бір мақсатқа жетудегі ынтасын арттыру мақсатында әкімшілік иерархия деңгейлерін төмендету және басқаруда қызметтер аралық кедергілерді жою;
- өндірістің тапсырыс берушінің өтініштеріне бағдарланған икемділігін арттыру үшін компьютерлік техниканы меңгеру;
- өндірістің ғылым мен техниканың соңғы жетістіктерін ескеретін, барынша негізгі технологиялық жетістіктерге бағдарлануы;

– әр түрлі елдер мен өңірлерде барынша тиімді жеткізушілер мен тұтынушыларды іздеу [1].

Нәтижелері және талқылау. Шығындарды басқару жүйесінің жұмыс істеуі кәсіпорынға мынадай нақты міндеттерді шешуге мүмкіндік береді [2]:

1. Баға белгілеу, оңтайлы өндірістік бағдарламаларды жоспарлау, инвестициялық шешімдер және т.б. аясындағы басқару шешімдерінің санын негіздеу.

2. Шығындарды қалыптастыру үдерісін басқарып, олардың құнындағы қалаусыз ауытқуларды дереу анықтау және жою.

3. Жауапкершілік орталықтарында жазбаларды сақтау, шығындарды шыққан жерлеріне нақты байланыстырып, әрбір бөлімнің жалпы нәтижеге үлесін анықтау.

4. Нақты өнімдердің (жұмыстардың, қызметтердің) өзіндік құнын барынша нақты калькуляциялау, ол бағаны белгілеу үшін маңызды. .

Баланстық пайда шамасын басқару, яғни оның шамасын барынша дәл есептеу мүмкіндігіне ие болу қаржылық есептіліктің дұрыстығын арттырады.

Жүйені құру кезінде шығындар деген күрделі экономикалық санаттың өзіндік ерекшеліктерін ескеру керек:

1) Тұрақты қозғалыстағы және өзгерістегі шығындардың динамикасы, себебі нарықтық жағдайлар кезінде сатып алынған шикізаттың, материалдар мен қосалқы бөлшектердің бағалары, электр энергиясы қызметтеріне тарифтер, байланыс, көлік, т.б. сонымен қатар, шығарылатын өнімдердің номенклатурасы да, материалды және еңбек шығындарының нормалары үнемі өзгеріп отырады, ол олардың ақшалай шамасына ықпал етеді;

2) Әр түрлі басқару әдістерін, ықпалдарды, амалдарын талап ететін шығындардың көптігі. Шығындардың көптігі жекелеген шығындардың кәсіпорын қызметінің экономикалық нәтижелеріне ықпал ету дейгейін анықтау үшін шығындарды жіктеу кезінде анықталады. Сондай-ақ бұйымдарға тек оны өндіру мен сатуға байланысты шығындарды жатқызуға мүмкіндік береді.


3) Өлшеу, есепке алу және бағалаудың қиындығы. Шығындарды өлшеудің абсолютті нақты әдістері жоқ;

4) Олардың экономикалық нәтижеге тигізетін ықпалы күрделі және қарама-қайшы болып келеді. Мысалы, кәсіпорынның пайдасын өндірістің ағымдағы шығындарын қысқарту есебінен арттыруға болады, ол ҒЗТКЖ, техника мен технологияның күрделі шығындарын арттыруға себеп болады [3].

Шығындарды басқару жүйесін әзірлей отырып жүйелі ықпалға сүйену қажет. Оның маңызды ерекшелігі жүйенің жұмыс істеуін кешенді зерттеуге бағдарлану және оның мақсаттарын нақты тұжырымдау болып табылады. Күрделі жүйелерді басқаруға жүйелі

палдың негізгі сәттері ретінде жүйенің элементтері мен өзара байланысқан бөлшектерін анықтау, жүйе иерархиясын белгілеу, жүйенің жалпы мақсаттарын анықтау және жүйеге кіретін элементтердің мақсаттарымен үйлесімді ету, жүйенің жұмыс істеуін бағалау критерийлерін белгілеу және шешімнің мүмкін барлық нұсқаларын зерттеу арқылы оңтайлы нәтижеге қол жеткізу үшін шешімдер былдау.

Шығындарды басқару жүйесі классикалық схема түрінде көрсетілген. Ол жүйелік ықпалға сәйкес құрылған және көптеген жүйелер үшін дәстүрлі болып келетін шығындарды басқару үдерісінің функцияларын көрсетеді: мақсатты болжау, ұйымдастыру, жоспарлау, шығындардың қалыптасу кезеңдерінде оларды есепке алу және бақылау, талдау, шешім қабылдау.



Сурет 1. Кәсіпорын шығындарын басқару жүйесіндегі басқару функцияларының өзара байланысы

Ескерту: автормен құрастырылған

Басқару есебінің мақсаты – бұл түрлі деңгейдегі менеджерлердің оңтайлы басқару шешімдерін қабылдау үшін қажетті пен ақпараттық қамтамасыз ету. Өнімді өндіруге және өткізуге

жұмсалған шығындар туралы мәліметтер кәсіпкерге жоспарлау, бақылау және шығындар көлемін талдау үшін қажет.

Шығындар туралы ақпараттарға ие бола отырып, менеджер нарықтағы жағдайдың өзгерістеріне жедел жауап қатуға, шығындардың тиімділігін анықтауға, баға белгілеуге, өндірісті тоқтата тұру немесе қайта қосу туралы шешім қабылдауға және т.б. мүмкіндік береді. Кәсіпкердің жоспарланған шығыстардан нақтылардың ауытқуларына жол бермеу үшін қажетті шараларды уақытылы қабылдап, талдау жасауы өте маңызды болып табылады.

Кәсіпорынның қызметінің бұрынғы шығындарын тіркеуге және көрсету міндеті болып табылатын өндірістік және қаржылық есепке алудан айырмашылығы шығындарды басқару болашаққа бағдарлаған. Бұл фирманың алдағы қызметін болжау механизмі болып табылады. Ол болжамды нәтижелерді жоспарлауға мүмкіндік береді және кәсіпкерге оларды қол жеткізу барысын бақылауға көмектеседі.

Шығындарды жоспарлау ұйымның және оның бөлімдерінің сандық көрсеткіштері мақсаттарына қол жеткізу, сондай-ақ мүмкін ауытқу стандарттарын әзірлеуді білдіреді. Қиындық кейбір көрсеткіштерге стандарттарды белгілеуде туындайды. Егер стандарттар сатылған өнімнің көлемі, өнімнің өзіндік құны, материалдар шығыны мен тікелей еңбек шығындары ретіндегі көрсеткіштер бойынша орнату оңай болса, кейбір маңызды параметрлер, мысалы, өнім сапасы, сатып алушылардың қанағаттану дәрежесі бойынша – сандық өлшеуге қиын болып келеді. ҒЗТҚЖ тиімділігін өлшеу де өте қиын. Сондықтан, бақылау мақсатында көрсеткіштер пайдаланады осындай параметрлері жанама түрінде сипаттайтын: мысалы, рекламациялар саны, істен шығу пайызы. Стандарттар нақты жағдайлар мен болып жатқан өзгерістердің ерекшеліктерін ескеру үшін жеткілікті икемді болуы тиіс.

Стандарттар жоспарларды жасау негізінде жатыр. Олар ақшалай көрсеткіштерді қамтитын сметаларда нақтыланады. Сметалар нақты шығындардың жоспарланғандармен салыстыру арқылы шығындарды бақылауға, ауытқуларды анықтауға және оларды талдауға мүмкіндік береді.

Сонымен қатар, сызбада шығындарды жоспарлауға болашақ шығындарды қалыптастыруға бағытталған басқару шешімдерін қабылдау бөлімі жатқызылған. Мұнда баға белгілеу бойынша (пайданы жоғалтпау үшін бұйымның бағасын төмендетуге болады ма және бұйымға қандай бағаны орнату қажет); неғұрлым рентабельді ассортиментті қамтитын оңтайлы өндірістік бағдарламаны тастыру; CVP талдау сұрақтары; инвестициялармен және жаңа рал-жабдықтармен байланысты сұрақтар; қосалқы бөлшектерді өндірген жұрыс па жоқ әлде сатып алған дұрыспа деген сұрақ

гіндегі мәселелер; тапсырыс ең аз тиімді көлемі және т.б. сұрақтарды жатқызуға болады.

Шығындарды қалыптастыру. Бұл кезеңде өндіріс процесінде ресурстарды тұтынылады. Олардың құндық өлшеу шығындарын есепке алудың әр түрлі әдістерін қолдану және өнімнің өзіндік құнын калькуляциялау арқылы өндірістік және басқарушылық есепке алу негізінде орындалады. Шығындарды өлшеу жоспарын іске асыру барысында жүргізіледі, бұл ретте ақпарат жинау жиілігін және оның дәлдігінің қажетті дәрежесін анықтау маңызды. Шығындар туралы ақпарат жеделдігін арттыру мақсатында арнайы компьютерлік технологиялар жиі қолданылады.

Өлшеу аяқталғаннан кейін нәтижені белгіленген стандартпен салыстырады және ауытқуларды анықтайды. Егер оның шамасы шектен асатын болса, түзетуші әрекеттерді қабылдаған жөн.

Мүмкін ауытқу шамалары өндіріс спецификасына байланысты анықталады. Тым үлкен мүмкін ауытқу шамасы басшылықтың туындаған проблемаларға көзді жұмып қарауға мәжбүрлеп, ол жоспардың орындалуына теріс әсер етуі мүмкін. Тым кіші мүмкін ауытқу шамасы ірі, қымбат, демек, өзін өзі ақтамайтын бақылау жүйесін құруды талап етеді.

Жалпы, жүйе шығындары одан болатын әсерден аспауы тиіс. Әрбір кәсіпорында ауытқуларды бағалаудың өз саясаты болатындығына қарамастан, көптеген жағдайларда оларды бағалау менеджерлердің құзыретіне жатады және субъективті сәттерге тәуелді. Менеджер, ауытқулар туралы ақпарат алған соң, іс-әрекеттің үш нұсқасын таңдай алады: еш жауап қатау; ауытқуды жою немес стандарттарды қайта қарау (құнын түзету, жұмыстардың орындалу мерзімдері және т.б.).

Осы кезеңде шығындар туралы дәл және маңызды деректер бағаланады және шешім қабылдау үшін бұл ақпарат талданады. Шығындардың функционалдық есебі (ABC) және уақтылы өндіріс үшін шығындарды есепке алу (JIT – just in time) өнімнің өзіндік құнын калькуляциялау дәлдігін арттыратын жаңа тәсілдер болып саналады. Құнды басқару жүйесі басшылықтың бұйым өндірісіне, бағаны қою, маркетинг, өнім ассортименті және тұрақты негізде жетілдірулерді енгізу қатысты оңтайлы шешімдер қабылдауға жәрдемдесуге арналған [4].

Талдаудың әр түрлі кезеңдерінде қажетті шығындарды және тиісті қаржы нәтижелерін Анықтау, корреляцияны табу және қабылданатын баламалы шешімдердің қаржылық орындалатындығын негіздеу үшін сандық әдістер қолданылуы мүмкін, атап айтқанда өнімділіктің қисық өсуі, сызықтық бағдарламалау, қорларды жоспарлау әдісі, жоспарларды бағалау және қайта қарау әдісі (PERT) және т.б.

Шығындарды қалыптастыру процесі басқару және өндірістік есепке алу аясында қарастырылады. Шығындарды қалыптастыру әртүрлі

қару шешімдерін қабылдау үшін басқару есебін зерттейді және шығындарды есепке алудың пайдаланылатын әдістері мемлекет тарапынан реттеледі. Өндірістік есеп қаржылық есептілікті қалыптастыру үшін шығындар туралы ақпаратты жинайды және ды есепке алу тәсілдері қатаң реттелген. Сондықтан, өндірістік есепті қаржылық есепті құралы ретінде қарастыруға болады. ру және қаржылық есеп мақсаттары үшін шығындарды есепке алу әдістері толығырақ төменде қарастырылады. Қаржы және өндірістік есепке алу аясында кәсіпорынның есептік саясаты секілді құрал қылы шығындар көлеміне ықпал етуге болатындығын атап өтуге болады. Өндірістік есепке алуда қолданылатын шығындарды есепке алу әдістері есептік саясатында бекітілуі керек. Сонымен қатар, есеп саясатының басқа да элементтері арқылы қаржылық нәтижеге ықпал етіледі. Бұл элементтер схемада қарастырылған және фирманың дындағы қойылған міндеттерге қол жеткізуге бағытталған есеп саясатын дұрыс қалыптастыру үшін маңызды [5].

Қорытынды. Шығындарды басқару жүйесінің құрылымын талдай отырып, біздің ойымызша, шығындарды басқару процессіне барынша едеуір ықпал ететін оның негізгі элементін бөліп көрсетуге болады, неғұрлым елеулі әсер етеді, шығындарды есепке алу әдістері және өнімнің өзіндік құнын калькуляциялау тәсілдері. Себебі басқарушылық, өндірістік және қаржы құралы деген есепке алудың барлық үш түрін де қамтиды.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Гомонко Э.А., Тарасова Т.Ф. Управление затратами на предприятии. – М.: Кнорус, 2016. – 320 с.
2. Корнеева Н.В. Управление затратами как структурированная система. Сб. научн. трудов «Интеграция экономики в систему мирохозяйственных связей». Тезисы VII Международной научно-практической конференции. – СПб.: Нестор, 2003.
3. Шим Джей К., Сигел Джоэл Г. Методы управления стоимостью и анализа затрат: Пер. с англ. – М.: Информационно-издательский дом «Филинь», 1996. – 344с.
4. Лебедев В.Г., Дроздова Т.Г., Кустарев В.П. Управление затратами на предприятии. – СПб.: Питер, 2015. – 592 с.
5. Зимин А.Ф., Тимирьянова В.М. Экономика предприятия: Учебное пособие. – Инфра-М, Форум, 2016. – 288 с.

М.К. Бекбаева, старший преподаватель, магистр экономических наук
Алматинский технологический университет, г. Алматы, Казахстан

Совершенствование системы управления затратами предприятия

Аннотация. В статье говорится, что увеличение прибыли предприятия, повышение производительности производства и высокая эффективность ее деятельности достигается за счет эффективного управления себестоимостью продаж продукции. Управление затратами - это средство достижения высоких экономических показателей предприятия. Это не просто сокращение затрат, это касается всех элементов управления. У каждого предприятия есть резервы для снижения затрат до рационального уровня, что, в свою очередь, улучшит экономическую эффективность бизнеса и повысит конкурентоспособность предприятия. Снижение затрат позволит компании определить более низкие, гибкие цены на свою продукцию (работы, услуги), что, в свою очередь, даст значительное преимущество ее конкурентам. В жесткой конкуренции производитель выигрывает от низких издержек производства, поэтому компания постоянно совершенствует уровень технологий, а также организует производство и внедряет все новые и передовые технологии в области технологий, услуг и производства. Поэтому для каждого предприятия для достижения высокой экономической эффективности важно искать способы анализа и пути эффективного управления затратами.

Ключевые слова: себестоимость, затраты, управление затратами, управленческие решения.

M.K. Bekbayeva, senior lecturer, Master of Science in Economics,
Almaty Technological University, Almaty, Kazakhstan

Improvement of the enterprise cost management system

Abstract. The article says that the increase in the company's profit, the increase in production capacity and the high efficiency of its activities is achieved through the effective management of the cost of sales of products. Cost management is a means of achieving high economic performance of an enterprise. This is not just a reduction in costs, it concerns all controls. Each enterprise has reserves to reduce costs to a rational level, which, in turn, will improve the economic efficiency of the business and increase the competitiveness of the enterprise. Lower costs will allow the company to determine lower, flexible prices for its products (works, services), which in turn will give a significant advantage to its competitors. In tough competition, the manufacturer wins from low production costs, so the company constantly improves the level of technology, and also organizes production and introduces all new and advanced technologies in the field of technology, services and production. Therefore, for each enterprise to achieve high economic efficiency, it is important to look for ways of analyzing and ways of effective cost management.

Keywords: cost price, costs, cost management, management decisions.

Д.А. Глеужанова¹, экономика ғылымдарының кандидаты,
Экономикалық факультетінің «Қаржы» кафедрасының қауымдасты-
рылған профессор міндетін атқарушы

А.Ә. Тәжкен², 2 курс магистранты

^{1,2} С. Сейфуллин атындағы Қазақ Агротехникалық Университеті,
Астана қ., Қазақстан

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДА САЛЫҚТЫҚ РЕТТЕУДІҢ ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ҮДЕРІСТЕР- ГЕ ӘСЕРІ

Аннотация. Салық салу бойынша жүз пайыздық тиімділікке жету дамыған нарықтық экономика жағдайында мүмкін еместігін әлемдік тәжірибие көрсетіп отыр. Кез-келген мемлекет өзінің экономикалық саясатын жүзеге асырған кезде салықтық реттеу құралдарының кең спектрін қолданады. Салықты шаруашылық қызметті реттеуші құрал ретінде қолдану мүмкіндігі салықтың өзінің табиғатынан, ішкі мәні мен қызметінен шығады. Бұл мүмкіндікті қолдану салық механизмі арқылы жүзеге асады. Қаражаттарға деген қажеттілікті сезе отырып мемлекет салықтық құрал арқылы қаржылық қаражаттардың максималды мүмкін болатын көлемін алуға ұмтылады. Бұл мақалада экономикадағы салықтардың және салықтық реттеудің рөлін анықтау үшін салықтық түсімдерге экономикалық талдау жасалған. Салықтар экономиканы мемлекеттік реттеуде бір жағынан, мемлекеттік шығындарды қаржыландырудың көзі, бюджеттік саясаттың материалдық негізі, екінші жағынан реттеу құралы. Салықтық жүйенің фискалдық бағыттылығы, кәсіпкерлік қызметті салықтық реттеудің нақты құралдарының болмауы экономиканың дамуын тежеуші факторлардың бірі болып табылады. Елдің экономикалық өсуін, кәсіпкерлік белсенділіктің дамуын, көлеңкелі экономиканы жою мен мемлекетке шет елдік инвестицияларды жұмылдыруды және тағы басқа факторларды қамтамасыз етуде салықтық реттеудің маңызы ерекше екендігі ашылған.

Түйінді сөздер: салық, салықтық реттеу, әлеуметтік-экономикалық үдерістер, салықтық бақылау, мемлекеттік бюджет, салық жүйесі

Кіріспе. Қазақстанның салық жүйесі үнемі өзгеру және даму жағдайында болды. Салықтардың мөлшерлемелері, оларды алу алу шарттары, салық салу объектілері өзгерді және бұл экономиканың барлық субъектілеріне әсерін тигізді. Салық жүйесіндегі қайта

рулар тауарлар және қызметтердің экономикалық жағдайына ғана емес, сондай-ақ азаматтардың табысына да әсер етті. Сондықтан салықтық реттеу, салықтық саясат сұрақтары үнемі өзекті болып қала береді.

Экономиканың постдағдарыстық даму шарттарында бюджет кірісінің жеткілікті мөлшерінің қамтамасыз етілуі Қазақстанның қаржылық саулығының кепілі ғана емес, сонымен қатар ҚР-ның бюджет-салық саясатының әлеуметтік-экономикалық бағытын қамтамасыз ету мақсатында жаңа әлеуметтік-экономикалық бағдарламаларды қаржыландырудың негізі болып саналады [1].

Болашақты болжаудың орташа мерзімінде экономикалық өсуді қамтамасыз етіп отыратын ҚР салықтық реттеу жүйесінің даму бағыттарын белсенді іздестіру жүргізілуде. Қоғамдық қаржыны мемлекеттік реттеу бюджет-салықтық теңестірудің қағидаларына сүйене отырып, мемлекеттің экономикалық өсуімен қатар экономикалық саясатының әлеуметтік бағдарлануына да кепіл болады. Осылайша, салықтық реттеу саясатының ғылыми талдауы, оның әлеуметтік басымдылығы және механизмдері өте маңызды және өзекті сұрақтардың бірі болып табылады.

Эксперименталды бөлім. Зерттеу міндеттері ғылыми абстракция, функционалды-құрылымды, салыстырмалы статистикалық және динамикалық талдаудың тәсілдерін қолдану арқылы жүзеге асырылды. Осы жұмыстың зерттеу объектісі салықтық макроэкономикалық реттеу үдерісінде пайда болатын әлеуметтік және салықтық қатынастар болып табылады. Зерттеу пәні қазіргі Қазақстан экономикасындағы әлеуметтік үдерістерге салықтық реттеу механизмінің әсер етуінің негізгі қағидаттары және әдістері болып табылады.

Бюджет-салық саясатын тек фискалды мақсаттарға ғана емес, сонымен қатар, тұрақты экономикалық өсуді қамтамасыз ететін міндеттерді шешуге және экономика секторларында салық ауыртпалығын азайту жолымен әлеуметтік бағдарына, инвестициялық белсенділіктің ынталылығын құруға, кәсіпкерлік қызметке қолайлы жағдай жасауға, азаматтардың табыстарына әлеуметтік-әділетті салық салуға бағыттау қажеттілігі негізделген. Зерттеудің ғылыми жаңалығы – салықтық реттеу механизмінің, салық саясатының қазіргі бағдарларының теориялық-методологиялық негізделуінде, мемлекеттің әлеуметтік-экономикалық бағытын дамытуға салықтардың тигізер әсерін, рөлін қамтамасыз етуде көрініс табады.

Нәтижелері және талқылау. Қоғам дамуы мен мемлекет экономикасының маңызды аспекті елдің әлеуметтік-экономикалық жүйесі болып табылады. Оның Қазақстанда әрі қарай дамуы, мемле-

кет мүдделерін, кәсіпкерлер және тұрғындарды келістіруі көп жағдайда салық қатынастарына тәуелді болады.

Жалпы нарықтық экономика жағдайында инвестицияға салық ставкасынан басқа да факторлар ықпал етеді. Бұлардың ішіндегі ең бастылары циклдық ерекшеліктер және компания тауарларына сұраныс пен ұсыныстың арақатынасы, олардың пайдаларының өсуі болып табылады.

Қазақстан Республикасының 2017-2021 жылдарға арналған әлеуметтік-экономикалық саясаты «Нұрлы жол» мемлекеттік бағдарламасының іске асырылуын есепке ала отырып, Қазақстан Республикасының «Қазақстан-2050 стратегиясы» дамуының жаңа бағытын одан әрі іске асыруға және «100 нақты қадам» Ұлт жоспарының бес институционалдық реформасында айқындалған Қазақстан экономикасының моделін құруға бағытталып отыр.

Жалпы әлемдік экономикадағы, тауар нарықтарындағы күрделі жағдайға, сондай-ақ инфляциялық таргеттеуге өтуге байланысты орта мерзімді перспективадағы негізгі күш әлеуметтік әсерді жеңілдетуге және қазақстандық экономиканың құлдырауын болдырмауға бағытталады [2].

Әлеуметтік-экономикалық саясаттың орта мерзімді кезеңдегі негізгі мақсаты – экономика өсіуінің оң қарқындарын және елдегі әлеуметтік тұрақтылықты сақтау, дағдарыстан кейінгі даму үшін жағдайлар дайындау, әлемнің дамыған 30 мемлекеті қатарына ілгерілетуді жалғастыру болып отыр. Салыстырмалы бәсекелі артықшылықтарды барынша пайдалануға, дамыған адами капиталға, жеке сектордың үстем рөліне, елдің ұзақ мерзімді және тұрақты дамуына берік негіз қалайтын қолайлы инвестициялық ахуалға негізделетін экономиканың жаңа моделі көзделуде [3].

Осы мақсатқа қол жеткізуге және елдің экономикалық және әлеуметтік әл-ауқатын қамтамасыз етуге жүргізіліп жатқан әлеуметтік-экономикалық саясат ықпал ететін болады оның орта мерзімді кезеңге айқындалған негізгі басымдықтары болып мыналар табылады:

– қаржы тұрақтылығының негізгі міндеті ұзақ мерзімді тұрақты экономикалық өсу және инфляцияны нысаналы дәлізде ұстап тұру үшін жағдай жасау болып табылады мемлекеттік қаржыны реттеу тиімділігін арттыру есебінен ақша-кредит және валюталық саясатты жетілдіру, макроэкономикалық тұрақтылықты сақтау және экономиканы кредиттеуді ұлғайту үшін қаржы секторының тұрақтылығын қамтамасыз ету;

– экономиканың бәсекеге қабілеттілігін және халықтың өмір сүру сапасын арттыру үшін электрондық үкіметті дамыту және кең ауқымды интернетке толық қолжетімділікті қамтамасыз ету жолымен экономикаға цифрлық технологияларды кеңінен енгізу;

– 2020 жылға дейінгі оңтайлы да жаңа мемлекеттік бағдарламалар шеңберінде елдегі әлеуметтік тұрақтылықты қамтамасыз етуге және жұмыспен қамтуды ынталандыруға бағытталған әлеуметтік саясатты жетілдіру, білім беру, денсаулық сақтау және әлеуметтік қорғау салаларын жаңғыртуды жалғастыру;

– экономиканы және бизнесті жаңа экономикалық интеграциялық бірлестіктер жағдайларына бейімдеу.

– Қазақстанның халықаралық интеграциясы Қазақстан Республикасы сыртқы саясатының 2014-2020 жылдарға арналған тұжырымдамасында айқындалған мақсаттар мен міндеттерге сәйкес жүзеге асырылады. ҚР-да салық саясатын жүргізудегі басты мақсат – отандық тауар өндірушілерді мемлекет тарапынан қолдау, мемлекеттің ішкі экономикалық дамуына ықпал ететін саясат жасау, жеке секторлардың жедел дамуына жағдай жасау, шетел инвестициясын тартуда кедергілердің алдын алу, яғни мемлекет пен салық төлеушілердің талап–тілегін ортақтастыру [4].

Экономикалық негізделген салық саясаты қаржыны салықтық реттеу жүйесі арқылы орталықтандыруды оңтайландыру мақсатын көздейді. Батыс экономистері салық саясатын бөлек алып қарастырмайды және салықтардың іс–әрекетін мемлекеттің шығыстарының жағдайын зерттеп білмей, қарастырмайды. Оны салықтардың ең алдымен мемлекеттің өз функциялары мен міндеттерін шешуге қызмет етуін қамтамасыз ететіндігімен түсіндіреді.

Жоғары дамыған нарықтық қатынастар жағдайында салық саясатын мемлекет өндіріс құрылымын өзгерту, аумақты экономикалық дамыту, халықтың табыстылық деңгейін көтеру мақсатында ұлттық табысты қайта бөлу үшін пайдаланады. Салықтық реттеу саясатының ел экономикасындағы рөлін бағалау үшін бірқатар талдау деректерін қарастырған жөн (3-кесте). Жалпы салықтық түсімдер көлемі жылдан жылға жоғарылауда.

Кесте 1. Салықтық түсімдердің экономикадағы орны

Атауы	2015 ж.	2016 ж.	2017 ж.
Жалпы ішкі өнім, млн. тг	40884,1	46193,4	51566,7
Кірістер, млн. тг	7634,8	9308,5	11567,7
Салықтық түсім, млн. тг	4883,9	6023,3	6810,8
ЖІӨ кірістер үлесі, %	18,7	20,2	22,4
ЖІӨ салықтық түсімдер үлесі, %	11,9	13,0	13,2
Ескерту: ҚР Статистика Комитетінің мәліметтері негізінде құрастырылған			

1-кесте мәліметтерінен, мемлекеттік бюджет кірісі бойынша 3 жылдың мәліметтері негізге ала отырып, жалпы кірістердің жылдан жылға жоғарылағанын көруге болады. Бюджет кірістері лып отырған 3 жылдың ішінде 1,5 есеге жоғарылағанын байқауға

болады. Жалпы ішкі өнімдегі кірістер үлесі жоғарылаған, салықтар үлесі де жылдан жылға шамалы жоғарылағанын байқаймыз. Мемлекеттегі салық ауыртпалығының мөлшері айтарлықтай өзгеріске ұшырамағанын байқауға болады [5, 6].

Кез келген мемлекетте бюджетке түсетін түсімнің негізгі көзі болып салықтар табылады. Мемлекет салықтардың көлемі мен түрлерін жинақтау мен төлемді, олардың түсуін бақылауды, оны төлеуден кейбір жағдайда ауытқуды жазалауды заңды түрде бекітеді.

Кесте мәліметтерінен көріп отырғанымыздай, Қазақстанның мемлекеттік бюджет кірістерінің ЖІӨ-ге шаққандағы көлемі 2015-2017 жылдар аралығында жоғарылау қарқынына ие болған. Егер 2015 жылы мемлекеттік бюджет кірістерінің ЖІӨ-ге шаққандағы көлемі 18,7% үлесті құраса, 2016 жылы – 20,2% үлесті құраған. Бұл абсолютті шамада 1,5% айырмашылықты көрсетсе, қатынастық тұрғыдан 1,1%-ға жоғарылағанын көрсеткен. 2017 жылы мемлекеттік бюджеттің кірістерінің көлемі ЖІӨ-ге шаққанда 22,4% үлесті көрсетіп, тағы да 2,2% – оң өсімге ие болған. Ал, мемлекеттік бюджет кірістерінің құрамындағы салықтық түсімдердің ЖІӨ-ге шаққандағы көлеміне келетін болсақ ұлғаюда. Егер салықтық түсімдердің ЖІӨ-ге шаққандағы үлесі 2015 жылы – 11,9% болса, 2016 жылы – 13,0%, 2017 жылы – 13,2% үлесті көрсеткен. Бұл қатынастық шамада сәйкесінше алдыңғы жылмен салыстырғанда 2016 жылы – 8,9%, 2017 жылы – 1,5% ұлғаю қарқынын көрсеткен. Мұндай құбылыстың орын алуы көрсеткіштердің даму қарқынынң әртүрлі болуына байланысты. Негізгі көрсеткіштердің алдыңғы жылмен салыстырғандағы өсімдерінің сипаты жоғарыда айтылған ЖІӨ-ге шаққандағы мемлекеттік бюджет кірістері мен оның құрамындағы салықтық түсімдердің үлестерінің айырмашылығын анық түсіндіреді. Көріп отырғанымыздай, 2015-2017 жылдар аралығында мемлекеттік бюджет кірістерінің жылдық өсімі ЖІӨ-нің жылдық өсіміне қарағанда төмен қарқынды, ал мемлекеттік бюджет кірістерінің құрамындағы салықтық түсімдердің жылдық өсімі қарастырылып отырған кезеңде ЖІӨ-нің өсімінен жоғары қарқынмен дамыған. Дегенмен, 2015 жылы алдыңғы жылмен салыстырғанда төмен қарқынмен дамыған және мемлекеттік бюджет кірістері мен оның құрамындағы салықтық түсімдер көлемі алдыңғы жылмен салыстырғанда жоғарылағанын байқауға болады.

Өндіріске салынған басқа да салықтар азық-түлікке салықтарды қоспағанда, өндірісті іске асыруына немесе өндіріс факторларын қолдануына байланысты өндіруші бірліктерге салынған барлық салықтардан құралады. Мұндай салықтардың мөлшері өндірістің көлеміне немесе пайдалылығына тәуелді болмайды [6].

Сонымен, өндіріске салынған басқа да салықтарға өндірушінің кез келген табысына немесе кірістеріне салынған салықтар кірмейді. Яғни бұл өндіріске жанама қатысты салықтар болып табылады және

барлық өндіріс салалары бойынша салынған басқа да салықтардың жиынтығынан құралады.

Кесте 2. 2016-2017 жылдардағы өндіріске салынған басқа да салықтардың көлемі, млрд. теңге

Өндіріске салынған басқа да салықтар	2016 жылдың 1 жарты жылдығы	2016 ж.	2017 жылдың 1 жарты жылдығы	2017 ж.
Өндіріске салынған басқа да салықтар	124,9	285,0	145,8	286,4
оның ішінде:				
Тауарлар өндірісі	93,2	213,6	107,4	211,0
Қызметтер өндірісі	31,6	71,4	38,4	75,4
Ескерту: ҚР Статистика Комитетінің мәліметтері негізінде құрастырылған				

2-кестеден көріп отырғанымыздай, өндіріске салынған басқа да салықтардың, яғни өндіріске тікелей қатысты емес алықтардың, құрамында тауар өндіру саласындағы өндіріске салынған басқа да салықтардың үлесі қызмет көрсетулердің өндірісіне салынған басқа да салықтар үлесінен біршама артық екенін көре аламыз. 2016 жылы тауар өндірісіне салынған салықтар көлемі 213,6 млрд теңге болса, 2017 жылы 2,6 млрд. теңгеге азайып, 211,0 млрд теңгені құраған. Дегенмен, кестеде қарастырылып отырған жылдардың бірінші жартыжылдықтарында көрсеткіштер басқаша болған. 2016 жылдың бірінші жартыжылдығында тауарлар өндірісіне салынған салықтар 93,2 млрд. теңгені құраса, 2017 жылдың бірінші жартыжылдығында 107,4 млрд. теңгені құраған.

Ұлттық экономиканың қалыпты дамуына салық жүйесінің тиімді жұмыс жасауы өзіндік ықпалын тигізери сөзсіз. Осы орайда, салықтық реттеу құралы ретіндегі салық ауыртпалығын оңтайландыру ерекше мәнге ие. Халықаралық салық салу тәжірибесі дәлелдеп отырғандай, салық төлеуші үшін салық ауыртпалығының оңтайлы мөлшері 30-40% аралығын құрайды. Салық ауыртпалығы салық төлеушінің қаржы қызметінің нәтижесі мен салық төлемдері арақатынасын сипаттайды. Оны анықтау әдістемесін өңдеу және жетілдіру субъектінің қаржы жағдайын дұрыс бағалауға, оңтайлы басқару шешімдерін қабылдауға ықпал жасайды [7].

Салық ауыртпалығының қалыпты деңгейі экономикалық қызмет түрлерінің жалпы салаларының барлығында сақталған [8]. Жеке тұлғалардың, жеке кәсіпкерлердің салық ауыртпалығы жанама салықтарды қоса алғандағы олардың төлеген барлық салықтарының сомасы мен олардың табысының қатынасы түрінде анықталады. Ал заңды тұлғалардың салық ауыртпалығы төленген барлық салық сомасының сатудан түскен табысқа қатынасы арқылы анықталады.

Қорытынды. Қазақстанның қазіргі кездегі салық жүйесі қазіргі кезеңде экономикалық процесстерді реттеуге ықпал етіп отыр. Соған қарамастан, қазіргі кездегі жағдай экономиканы салықтық реттеуді тұрақты жетілдіру мен модернизациялауды талап етіп отыр. Экономиканы мемлекеттік реттеуге қаржы жүйесінің барлық сфералары мен буындары қатысады, оның үстіне қаржы жүйесіне әр буыны ықпалының өзгешеліктері болады, айталық, ұлттық экономика арақатынастарының сан алуан түрлері реттеледі [9].

Қазіргі Қазақстан Республикасының салық жүйесі шын мәнінде экономиканы реттеуге толық мүмкіндігі бар. Жаңа экономикалық кезеңдерге және өзгерістерге қарай бүгінгі күн одан экономикалық процесстерге икемді болуын, яғни әр қашан жаңарып модернизацияланып отыруды талап етеді. Міне бұдан кейін салықтық жеңілдіктер мен ставкалар төмендігі, кәсіпкерлік саласын ытландырып, отандық тауар өндірушілерге қолдау көрсету бағытын ұстанады да, бюджеттік және бюджеттік емес сфераларды толтыруға ат салысады. Бұл өз кезегінде, салық базасын кеңейтеді және соның әсерінен салық түсімдері де артады [10].

Мемлекеттік көмектің экономиканы реттеуде артуы келесідей мәселелерді шешуге мүмкіндік береді: экономиканы кризистен шығару, өндірістің тұрақтылығы өндірістің тиімді құрылымын қалыптастыру, мемлекетті шығындарды азайту, халықты әлеуметтік қолдау. Өтпелі экономикада салық жеңілдіктері мен салықтық реттеудің басқа да түрлері тағы да сыртқы экономикалық қатынастарды, кедендік мәселелерді, транспорт, қоршаған ортаны қорғау, білім беру саласы, энергетика саласын дамыту және жалпы экономикалық қатынастарды реттеу құралы.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Қазақстан Республикасының 2017-2021 жылдарға арналған әлеуметтік-экономикалық даму болжамы
2. «Нұрлы жол» инфрақұрылымды дамытудың 2015-2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы, 2014 ж.
3. «Қазақстан-2050» Стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты 2012 ж.
4. Қазақстанның халықаралық интеграциясы Қазақстан Республикасы сыртқы саясатының 2014-2020 жылдарға арналған тұжырымдамасы Қазақстан Республикасы Президентінің 2014 жылғы 21 қаңтардағы № 74 Жарлығымен бекітілген
5. ҚР Статистика Комитетінің 2015-2017 жылдағы мәліметтері www.stat.gov.kz.
6. ҚР Қаржы министрлігінің 2015-2017 жылдағы мәліметтері www.minfin.gov.kz.

7. М.Ж. Арзаева Салық ауыртпалығын анықтау әдістемелерінің объективтік қажеттігі // Вестник КазНУ. Экономическая серия. № 4 (116). 2016. С.75-77.

8. ҚР қаржы министрлігінің Мемлекеттік Кірістер Комитетінің мәліметтері <http://kgd.gov.kz/ru/content/koefficient-nalogovoyu-nagruzki-1-0>.

9. Н.А. Лисова Налоговое регулирование в системе государственного налогового менеджмента//Вестник КарГУ 2015/ <https://articlekz.com/article/11882>.

10. Бигельдиева З.А. Налоговое регулирование как инструмент развития социально-экономических процессов Республики Казахстан / <https://cyberleninka.ru/article/n/nalogovoe-regulirovanie-kak-instrument-razvitiya-sotsialno-ekonomicheskikh-protsessov-respubliki-kazakhstan>

Д.А. Тлеужанова¹, кандидат экономических наук,
и.о. ассцирированного профессора кафедры «Финансы»

А.Ә. Тәжкен², магистрант 2^{го} курса

^{1,2} Казахский Агротехнический Университет имени С. Сейфуллина,
г. Астана, Казахстан

Влияние налогового регулирования на социально-экономические процессы в Республике Казахстан

Аннотация. Мировой опыт показывает, что достижение сто процентной эффективности налогообложения невозможно в вях развитой рыночной экономики. Любое государство использует широкий спектр инструментов налогового регулирования при ществлении своей экономической политики. Возможность использовать налог в качестве регулятора экономической деятельности текает из внутреннего характера и функции налога. Использование этой возможности осуществляется через механизм ния. Сознвая необходимость в средствах, государство стремится получить максимально возможный объем финансовых ресурсов рез налоговый инструмент. В этой статье проведен экономический анализ состояния налоговых поступлений, для оценки роли налогов и налогового регулирования в экономике. Налоги в государственном регулировании экономики – это, с одной стороны, главный источник финансирования государственных расходов, материальная основа бюджетной политики, а с другой стороны, это инструмент регулирования. Преимущественно фискальная направленность налоговой системы, отсутствие действенных инструментов налогового регулирования предпринимательской деятельности является

одними из факторов, тормозящих развитие экономики. Надо отметить важность налогового регулирования в обеспечении экономического роста страны, развития предпринимательской деятельности, ликвидации теневой экономики и привлечения иностранных инвестиций в государство и других факторов.

Ключевые слова: налог, налоговое регулирование, социально-экономические процессы, налоговый контроль, государственный бюджет, налоговая система

D. Tleuzhanova¹, candidate of economic sciences,
acting associate Professor of the Chair «Finance»

A. Tazhken², 2 year master's student

^{1, 2} S. Seifullin kazah agrotechnical university, Astana, Kazakhstan

Influence of tax regulation on socio-economic processes in the republic of Kazakhstan

Abstract. World experience shows that achieving 100 percent efficiency of taxation is impossible in a developed market economy. Any state uses a wide range of tax regulation tools in the implementation of its economic policy. The ability to use tax as a regulator of economic activity results from the internal nature and function of the tax. Use of this possibility is carried out through the mechanism of taxation. Aware of the need for funds, the state seeks to obtain the maximum possible amount of financial resources through a tax instrument. In this article, an economic analysis of the state of tax revenues was conducted to assess the role of taxes and tax regulation in the economy. Taxes in the state regulation of the economy are, on the one hand, the main source of financing public expenditure, the material basis of fiscal policy, and on the other hand, it is a regulation tool. The predominantly fiscal orientation of the tax system, the absence of effective instruments of tax regulation of entrepreneurial activity are one of the factors hindering the development of the economy. It should be noted the importance of tax regulation in ensuring economic growth of the country, development of entrepreneurial activity, liquidation of the shadow economy and attraction of foreign investment in the state and other factors

Keywords: tax, tax regulation, social and economic processes, tax control, state budget, tax system

МРНТИ 06.73.45

А.З. Чивазова¹, кандидат экономических наук, доцент

З.Р. Вайнце², магистрант

^{1,2} Алматы Менеджмент Университет, г. Алматы, Казахстан

МОДЕЛИРОВАНИЕ ПЕРСПЕКТИВНОГО ФИНАНСОВОГО СОСТОЯНИЯ КОМПАНИИ

Аннотация. Цель данной статьи – определить новое место и роль перспективного моделирования финансового состояния казахстанских компаний в условиях новой глобальной экономической парадигмы.

Цель моделирования финансового состояния заключается в разработке вариантных ситуаций развития деятельности предприятия на основе данных анализа его финансового положения. При этом прогнозирование финансового состояния организации посредством его моделирования всецело зависит от наличия проблем и желаемых результатов. Качественный финансовый анализ позволяет своевременно выявить и устранить недостатки в финансовой деятельности, изыскать резервы улучшения финансового состояния предприятия и произвести прогнозирование возможных финансовых результатов, исходя из реальных условий хозяйственной деятельности. Моделирование финансового состояния позволяет объективно и всесторонне определить возможные варианты развития организации. С помощью моделирования возможно своевременно вносить изменения в программу развития организации и эффективно управлять ресурсами для достижения максимального финансового результата.

Ключевые слова: финансовое состояние, моделирование, финансовый анализ, прогнозирование, ИТ.

Введение. В период перестройки мировой экономической системы, снижения роли государства и усиления управленческих функций транснациональных корпораций, детерминации на глобальных финансовых рынках, снижения эффективности традиционных подходов к оценке финансового состояния компании особенно актуальным будет изучение вопросов перспективного финансового моделирования на казахстанских предприятиях.

Экспериментальная часть. Результаты анализа финансового положения хозяйствующего субъекта на современном этапе развития финансовой науки не в полной мере соответствуют современным потребностям рынка, так как требуется вариативность, то есть использование нескольких вариантов того или иного прогноза. Определить возможные варианты дальнейшего развития организации в целях принятия эффективных управленческих решений в области финансовой политики стало особенно важным так как мировая экономика и циклы ее развития вступили в фазу новых потрясений, к этому добавляется и нестабильная геополитическая ситуация. Создание новых рисков требует создания ряда моделей, в которые должны быть включены указанные переменные.

Сложные системы, подобные отдельному субъекту хозяйствования требуют быстрого принятия решений в области финансов, так как деньги стали постепенно дорожать. На банковском рынке также идут большие изменения, уже очевидно, что раздутость и многоукладность банковской системы во всем мире, спекуляция деривативами сделать малоэффективным такую категорию как кредит. В период применения более лояльной эмиссионной политики как на мировом, так и на внутреннем рынке, процент за пользование деньгами для предприятий был относительно невысок. Сегодня рискованность выдачи денег под проценты сделали этот инструмент дорогим. Большая часть кредитов для предприятий выдается за счет государственных программ, так происходит не только в Казахстане, но и во всем мире. Поэтому быстрота реагирования на изменения в финансовой работе предприятия, на способность организации обслуживать свои долги по кредиту, на ухудшение оборачиваемости вложенных компанией средств, на изменения в области ликвидности капитала компании и др., стало ключевым фактором в успешности принятия тех или иных решений.

В этой связи возможность предвидения, построения финансовых моделей сделали цифровые технологии незаменимыми в работе казахстанских компаний. Уже активно реализуется пилотный проект по оцифровке нескольких казахстанских предприятий, в которых моделирование всех процессов станет реальностью каждого дня. Эти предприятия будут реализаторами программ: Smart City, Industry 4.0, e-commerce, Transport, Education и других. Моделирование работы компании на основании цифровых технологий должно, как отмечено в Послании Президента народу Казахстана, «выкристаллизовываться вокруг инновационных центров, таких как Назарбаев Университет, МФЦА и Международный технопарк IT-стартапов» [1].

Резкий рост прибыли, производительность и капитализация – вот что дает цифровая экономика. В прошлом технологии рассматривали как инструменты для производительности, сегодня же они

стали конкурентным преимуществом [2]. Все стало взаимосвязанным. В связи с этим стала необходимой такая инфраструктура моделей, которая объединит все финансово-экономические показатели предприятия: кредиты, закупки, налоги, безопасность и финансы предприятий и пр.

Предприятию в будущем не сможет уже помочь банковская система, которая постепенно уже будет отходить на второй план, так как превратиться из субъекта в инструмент, в помощник предпринимателя. Само государство ослабляет свои функции. И если многие казахстанские предприятия, например, в строительной отрасли, в банковской сфере, в сельском хозяйстве постоянно получали помощь из Нац. фонда, то в будущем таких средств просто не будет, так как они израсходованы в период мирового финансового кризиса. Поэтому деятельность компаний, должна быть четко смоделирована, работа должна быть прозрачна, четко подчинена закону, так как все движения капитала, основных средств, запасов и прочего в прицифризации должны отражаться онлайн, в открытом доступе и могут быть доступны всем участникам, партнерам и клиентам компании.

Сказанное выше позволяет сделать вывод, что моделирование финансового состояния предприятия становится наиболее актуальным инструментом управления финансами компании. За последнее время финансовое моделирование, и без того пользовавшееся популярностью среди финансовых специалистов, приобрело дополнительные очки в свою пользу. Компания получает конкурентные преимущества, минимизируя риски и избегая потери средств, которых сейчас не хватает еще более остро. При этом трудозатраты можно сократить, грамотно построив логику модели в Excel и используя специализированное ПО.

Финансовая модель – модель денежных потоков компании, имитирующая ее планируемую или «как есть» деятельность в финансовых оценках. В ее основе – объемные и стоимостные данные, которые с необходимой степенью детализации характеризуют планируемую операционную, финансовую и инвестиционную деятельность. Модель также содержит динамические связи параметров проекта, итоговые финансовые отчеты и аналитические методики их количественной оценки. Подобное моделирование дает возможность «прожить» планируемые действия без потери вложенных средств, что делает его незаменимым инструментом для менеджмента компании при оценке различных вариантов развития бизнеса, включая расширение действующего или создание нового производства, выход на новые рынки, развитие сбытовой сети, реструктуризацию, сделки M&A, возможную продажу бизнеса [2].

Түйіндеме. Зейнетақы реформасы осы уақытқа дейін жұмыс істеп келген мемлекеттік әлеуметтік қамсыздандыру жүйесінің барлық базалық институттары мен механизмдеріне жаңа сипат бере отырып Қазақстандағы зейнетақы жүйесін түбегейлі өзгертті. Бұған сәйкес нақты мақсатқа жету барысында зерттелетін құбылыстардың концепция түріндегі құралдарды, зерттелетін құбылыстың айтарлықтай белгілері мен мазмұнын білдіретін түсініктерді, сондай-ақ идеялар мен әдістерді де өзгерді. Бұл жұмыста автормен зейнетақы жүйесін қалыптастыру барысындағы тұжырымдамалық көзқарастарды теориялық тұрғыдан отандық және шетелдік ғалымдар еңбектерін зерттей отырып, зейнетақы активтерін басқару құралдарының әдістемелік негіздері қарастырылған. Автор инвестициялық процесстігі, өз-ара байланысты «зейнетақы жинақтары», «зейнетақы активтері», «зейнетақы капиталы», «зейнетақы резерві» түсініктерінің экономикалық мәні нақтылаған. Сонымен бірге БЖЗҚ (Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының) зейнетақы активтерінің есебінен қалыптастырылған инвестициялық портфельдің құралдық құрамы бойынша сыныпталып, оның артықшылықтары мен кемшіліктері көрсетілген.

Түйінді сөздер: қаржылық құралдар, зейнетақы жинақтары, зейнетақы активтері, зейнетақы капиталы, зейнетақы резерві


Кіріспе. Еліміздің ««Қазақстан жолы-2050: Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» стратегиялық даму бағдарламасында, халықтың әлауқатын көтеріп, Қазақстанның алдыңғы қатарлы әлемнің дамыған 30 елінің қатарына кіруін өз алдына мақсат ету мәселелері көтерілген. Осы мақсатқа жетудің маңызды индикаторы – қарапайым халықтың әлеуметтік жағдайы» делінген [1].

Зейнетақы активтерін басқарудың әдістемелік құралдары түсінігі, зейнетақы жинақтарын (жинақталған зейнетақы қаражатын) инвестициялауды енгізгенен кейін қолданыла бастады.

Экономикалық тұрғыдан алғанда зейнетақымен қамсыздандыру – бұл бірнеше деңгейден тұратын ұзақ мерзімді инвестициялық процесс.

Эксперименталды бөлім. Мысалы, зейнетақы қорына жарналар салу барысында жұмысшы оған деген меншіктік құқығын жоғалтады, жинақталған қаражат зейнетақы қорының құзылығына өтеді, ол өз кезегінде қаражаттарды табыс алу мақсатында бағалы қағаздарға, пайыздық үстемемен банкке салады, яғни табыс пен жұмыс күші-экономикалық тұрғыдан қарастырғанда, зейнетақы жинақтары экономикалық айналымға түседі. Нәтижесінде жұмысшы қолына тек кірістің бір бөлігін ғана алады, ал, зейнетақы қорының құзырлығындағы кірістің басқа бөлігіне, жұмысшы зейнетке шыққан кезде ғана қол жеткізе алады.

Яғни, зейнетақы жарналары инвестициялық процеске, капитал нарығын дамытуға бағытталған қаржы құралдары ретінде қатысып (кіру), өндірістің әртүрлі фазасынан өтеді де, зейнетақы төлемі ретінде зейнеткерлерге беріледі (шығу), 1-сурет.



Сурет 1. ҚР зейнетақы капиталының нарығының құралдық құрылымы

Ескерту: www.enpf.kz дереккөзі негізінде автормен құрастырылған

1-суреттен көріп отырғанымыздай, салымшылар (инвесторлар) аударған жарналар жинақтаушы зейнетақы қорына түсіп, *зейнетақы жинақтарын* қалыптастырады, ал ол өз кезегінде инвестициялық

кіріс алу үшін, келісім-шарт негізінде инвестициялық портфельді басқару (ИПБ) ұйымына беріледі, ИПБ ұйымы заңнамамен рұқсат етілген қаржы құралдарына орналастырады (*зейнетақы активтері*), нәтижесінде инвестициялық табыс/шығыс қалыптастырылады да бастапқы салым көбейеді, ол өз кезегінде *зейнетақы капиталын* құрайды.

Нәтижелері және талқылау. Осы инвестициялық процестен, өзара байланысты «зейнетақы жинақтары», «зейнетақы активтері», «зейнетақы капиталы», «зейнетақы резерві» түсініктері пайда болады. Бұл ұғымдар бойынша отандық және шетелдік ғалымдар пікіріне сүйенсек, олар келесідей:

Кесте 1. Зейнетақы активтерін басқарудың әдістемелік құралдары

№	Ғылыми көзқарастар мен оның ерекшеліктері	Авторлар
1	<i>зейнетақы жинақтары</i> құралдардың түрлері бойынша (міндетті, ерікті, ерікті-кәсіби); төлеу тәсілдері бойынша (тәртіп бойынша төлеу, зейнетақы аннуитетінің келісім-шартына сәйкестөлеу)	А.А. Адамбекова
2	<i>зейнетақы жинақтары</i> – зейнетақы қорындағы жеке шоттарда есепке алынатын, салымшылар алдындағы Қордың ақшалай міндеттемелерінің мөлшерін анықтайтын зейнетақы жарналары	Л.В. Федоров
3	<i>зейнетақы активтері</i> – зейнетақы төлемдері мен аударымдарды жүзеге асыруға арналған ақша, бағалы қағаздар, өзге де қаржы құралдары, сонымен қатар, жинақтаушы зейнетақы қорынан ҚР заңнамамен белгіленген тәртіп бойынша ақша алу	ҚР Заңы
4	<i>зейнетақы активтері</i> – бір институционалды бірліктің қаржылай ресурстарын басқа бірлікте ұсынған жағдайда келісім-шарттық қатынастар негізінде пайда болады	С.Р. Моисеев
5	<i>зейнетақы активтері</i> зейнетақы капиталы нарығында қаржылық делдалдық операцияларды жүзеге асыру барысында пайда болады	В.Н. Салин
6	<i>зейнетақы капиталы</i> қызметкерге тиісті зейнетақы қорындағы жинақталған жарналарының сомасы	Ю. Бригхем, Л. Гапенски
7	<i>зейнетақы капиталы</i> зейнетақы қорының активтерін консервативті басқару контекстінде қарастыра отырып, оны салымшылар жарналарынан жиналған, әрі зейнетақы кірісінің көзі болатын негізгі капитал	Роберт В. Колб, Рикардо Дж. Родригес
8	<i>зейнетақы капиталы</i> «инвестициялық компанияның басқару процесіндегі» жинақталған зейнетақы қаражаты	А.О. Недосекин
9	<i>зейнетақы резерві</i> – зейнетақы келісім шарттарына сәйкес, салымшылар алдында қордың өзінің міндеттемелерін орындауға арналған меншігіндегі қаражаттың бөлігі	ХҚЕС
Ескерту: [2] - [7] дереккөзі негізінде автормен құрастырылған		

Сонымен, «зейнетақы жинақтары» қаржы құралы ретінде зейнетақы капиталы нарығына ақша жинағын тасымалдай отырып, негізгі капиталдың өсуіне және жаңаруына, ел ішіндегі жаңа капитал құйылымына ықпал етеді. Осы инвестициялық процессте, зейнетақы қоры қаржылық институт ретінде Қор биржасына қатысты, банктік депозиттерге салымдар салды және сақтандыру қорына аударды. Осы қаржылық институттар арасындағы қарым-қатынас зейнетақы қызметі нарығында жаңа қаржы құралдарының қалыптасуына да ықпал етеді. Мысалы, қаржы институттарының өзара ықпалы, ерекше «буданды» зейнетақы құралдарын (Репо операциясы (кері Репо), зейнетақы аннуитеті сияқты) қалыптастырды.

Бұл құралдың айрықша функцияларына келсек, олар:

- қор нарығының белсенділігін арттыруға;
- бәсекелестік орта қалыптастыруға;
- нарыққа қатысушылар ұсынатын қаржы құралдарының құнын төмендетуге;
- қаржы жүйесінің өтімділігін арттыруға;
- кредитор үшін кредиттік тәуекелді айтарлықтай төмендетуге;
- ал қарыз алушы үшін барынша тиімді шарттармен қаражат алуға мүмкіндік береді.

Келесі буданды құрал-бұл зейнетақылық аннуитеті, азаматтардың өзінің зейнетақы жинақ сомаларын сақтандыру ұйымдарынан зейнетақы төлемі ретінде, яғни зейнетақы аннуитеті арқылы алу мүмкіндігі зейнетақымен қамсыздандыру Заңында қарастырылған.

Буданды құралдардың зейнетақы қызметі нарығында болуы, қаржы институттардың (қор биржасы, сақтандыру қоры, ЕДБ) өзара байланысының жоғарылығымен, қызметтің бірегейлігін арттыру процессін күшейтумен және олармен жұмыс жасауда арнайы бақылау мен қадағалаудың қажеттілігімен түсіндіріледі.

Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының зейнетақы активтерінің есебінен қалыптастырылған инвестициялық портфелінің құралдық құрамы қарастырсақ, 90% жуығы бағалы қағаздарға салынады екен, 2-кесте.

Репо операциясы соңғы жылдары зейнетақы капиталы нарығындағы өтімділікті қамтамасыз ететін негізгі қаржы құралдардың біріне айналды. Біріншіден, бұл құрал жоғары пайыздық мөлшерлемеді инвестициялауға мүмкіндік берсе (мәміле сомасының 90% бағалы қағаздардың нарықтық құнын құрайды), екіншіден, нақты нарықтық құны бойынша ақшалай формаға жылдам (бір күн ішінде) айырбасталатын әдіс болып табылады.

Кесте 2. Зейнетақы активтерін құралдық құрамы бойынша сыныптау

Эмитенттер	Құралдар	Сипаттамасы
ҚР Қаржы министрлігінің бағалы қағаздары «Кері РЕ-ПО»-ны қосқанда	МЕҚҚАМ	Эмитенттің міндеттемелерді орындауы кепілдік берушімен (кепілдікпен) қамтамасыз етілген
	МЕОҚАМ	
	МЕҰЖҚАМ	Жинақталған зейнетақы қорланымының сақталуы бойынша кепілдігі
	МҰИҚАМ	Құнсыздану деңгейіне қатысты индекстелген
	МАОҚАМ	Теңгенің кез келген шетелдік валюта бағамының өзгеруіне қатысты индекстелген
ҚР ҰБ	Дисконттық ноталар	Айналымдағы ақша массасын реттеу үшін
Алматы қаласының әкімдігі	Купондық облигациялар	Өңірдің экономикалық және әлеуметтік дамуын қамтамасыз ететін жобаларды жүзеге асыру үшін
Шетелдік корпорациялар және банктер	PPN (құрылымдық ноталары)	Экономиканың басым салаларындағы инвестициялық жобаларды қаржыландыру үшін.
US Treasury/ АҚШ Үкіметі РФ ҚМ БҚ	облигациялары, Eurobond	Әр түрлі елдердегі қор нарықтарының синхронсыз дамуына байланысты инвестициялау тәуекелдерін төмендету үшін
ХҚҰ бағалы қағаздары «Қазақстан даму банкі» АҚ	Мемлекеттік исламдық бағалы қағаздар (Сукуктар)	Ел бюджетіндегі тапшылықты қаржыландырудың қосымша балама көзі болып табылады.
ҚР эмитенттері	акциялары, облигациялары, соның ішінде: ипотекалық облигациялары, депозитарлық қолхаттары, Eurobond	<ul style="list-style-type: none"> – шетелдік портфельдік инвесторларды тарту үшін; – бағалы қағаздар портфелін барынша терең әртараптандыру үшін жәнекінәратсыз бәсеке үшін орта қалыптастыру; – әр түрлі елдердегі қор нарықтарының синхронсыз дамуына байланысты инвестициялау тәуекелдерін төмендету үшін; – ұлттық компаниялардың халықаралық қаржы нарығына қандай да бір еуровалютамен шығуы үшін.
Ескерту: www.enpf.kz дереккөзі негізінде құрастырылған		

Жоғарыдағы зейнетақы активін құралдық құрамы бойынша сыныптау, оның артықшылықтары мен кемшіліктерін нақты бөліп көрсетуге мүмкіндік берді, 3-кесте.

Кесте 3. Зейнетақы активтерінің құралдық құрылымының артықшылықтары мен кемшіліктері

Құралдар	Артықшылығы	Кемшілігі
Қазақстан Республикасының МБҚ-дары	жоғары кредиттік сенімділігі және өтімділігі	төмен табыстылығы
ҚР эмитенттерінің ҰБҚ-дары	<ul style="list-style-type: none"> – теңге бағамының ауытқуына байланысты емес; – эмитенттің бағалы қағаздарды таңдау рейтингтік бағалау негізінде жүргізіледі; – салыстырмалы өтімділік 	<ul style="list-style-type: none"> – табыстылық бағалы қағаздарының түрлеріне байланысты; – жалпы алғанда табыстылығы ортадан төмен.
Шетелдік мемлекеттердің бағалы қағаздары	орташа деңгей, кредиттік сенімділік және өтімділік	<ul style="list-style-type: none"> – теңге бағамының ауытқуынан ысырап болу тәуекелдік қатері; – төменгі табыстылық.
ХҚҰ бағалы қағаздары	жоғары деңгей, кредиттік сенімділік	теңге бағамының ауытқуынан ысырап болу қатері
ҚР ЕДБ-ге салынған депозиттер	жоғары сенімділік және табыстылық	табыстылық пайыздық мөлшерлемелердің ауытқуына байланысты
Қымбат металдары	<ul style="list-style-type: none"> – бағаның құлдырауының ең төмен ықтималдығына сенімділік; – консервативті инвестициялық портфельдің тұрақтылығы 	әлемдік нарықтағы бағаларды болжаудың күрделілігі
РЕПО	едәуір тиімді шарттармен қаражат алу	кредиттік төмендеу тәуекелі
Ескерту: www.enpf.kz дереккөзі негізінде автормен құрастырылған		

Жоғарыда айтылғандарды негізге ала отырып, біздің пікірімізше *зейнетақы активтері* дегеніміз, Қордың салымшылар алдында міндеттемелерін өтеу мақсатында инвестициялық кіріс алу үшін, келісім-шарт негізінде басқарушы компанияға сенімді басқаруға берілген, жинақталған зейнетақы қаражаты.

Келесі кезекте «зейнетақы резерві» категориясын анықталады.

Зейнетақы резерві-зейнетақы келісім шарттарына сәйкес, салымшылар алдында қордың өзінің міндеттемелерін орындауға арналған меншігіндегі қаражаттың бөлігі.

Зейнетақы резервтерінің көлемі – Қор тұрақтылығына жауап беретіндіктен, оның қызметінің негізгі көрсеткіштерінің бірі болып табылады.

Зейнетақы резервтері зейнетқы міндеттемелерін өтеу резервтерін қамтиды және ол:

- зейнетақы жарналарынан;
- зейнетақы активтерінің инвестициялық кірісінен;
- өзге де түсімдерден қалыптастырылады.

Аталған резерв, «саудаға арналған» және «сату үшін қолда бар» санаттарына жатқызылған бағалы қағаздар бойынша дефолт және делистинг жарияланғанда немесе эмитенттің банкротқа ұшыраған жағдайда, басқарушы компаниялар бағалы қағаздарды құнсыздандыру процедурасын ай сайын өздігінен жүргізуін міндеттейді. Бұдан басқа, өтеуге орташа алынған кірістілік бойынша теріс айырымның орнын толтыруға арналған резервтер қалыптастырылады. Бұл түзетілген номиналды табыс коэффициенті мен номиналды табыс көрсеткіштері арасындағы мүмкін болатын теріс айырманы өтеуге мүмкіндік береді.

Жоғарыда аталғандардан шығатын қорытынды зейнетақы резерві – бұл қор активтерінің бір бөлігі. Олардың мақсаты:

- номиналды кіріс коэффициентінің теріс ауытқуы кезінде қаржылық тұрақтылықты қамтамасыз ету үшін;
- зейнетақы активтерінің құнынсыздануынан немесе бағасының төмендеуінен болатын шығындарды өтеу үшін қажет.

Зейнетақы резерві деп – қор тұрақтылығына жауап беретін, яғни кіріс (зейнетақы жарналары мен инвестициялаудан түскен кіріс) пен шығыс (зейнетақы активтерінің құнынсыздануынан немесе бағасының төмендеуінен болатын шығындар) арасындағы тепе теңдікті сақтайтын, белсенді нарықтың болуын қамтамасыз ететін жинақталған зейнетқы қаражатының бір бөлігі.

Қорытынды. Зейнетақы активтерін басқарудың әдістемелік құралдарын зерттеу негізінде төмендегідей қорытынды жасауға болады:

- зейнетақы жинақтары қаржы құралы ретінде өндіріс пен тауар айналымының өсуіне, ел ішіндегі капитал құйылымына, ақшалай қорларының капитал салымына айналуына, негізгі капиталдың жаңартылуына, қосымша ақша ресурстарының пайда болуына ықпал етеді.

- жинақталған зейнетақы қаражаты, зейнетақы құралы ретінде ел экономикасын дамытудағы халықтың үлесі болып табылады, өйткені ол зейнетақ капиталы нарығының дамуына бағытталған.

- зейнетақы капиталы нарығынның құралдарын дамыту, сақтандыру қызметі нарығын дамытуға қосымша ынталандыру береді.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Қазақстан Президенті Н.Ә. Назарбаевтың ««Қазақстан жолы-2050: Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» атты халыққа жолдауы. //www.akorda.kz/.17.01.2014.
2. Адамбекова А.А. Қазақстан қаржы нарығы секторларының өзара іс-қимылы және олардың реттелуі: Оқу құралы. – Алматы: Экономика, 2012. – 426 б.
3. Федоров Л. В. Пенсионный фонд Российской федерации: Учебник. – Изд. 2-е. – М.: Изд. – торг. корп. Дашкова и К, 2013. – 395 с.
4. Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамсыздандыру туралы 2013 жылғы 21 маусымдағы № 105-V Заңы.
5. Моисеев С.Р. Финансовая статистика: денежная и банковская. Учебник. – М.: КНОРУС, 2008. – 24 с.
6. Роберт В. Колб, Риккардо Дж. Родригес. Финансовые институты и рынки / пер. 2-го амер. издания. – М.: Дело и сервис, 2003. – 688 с.
7. Закон Республики Казахстан «О внесении изменений и дополнений в некоторые законодательные акты Республики Казахстан по вопросам коллективного инвестирования и деятельности накопительных пенсионных фондов», 20 ноября 2008 года.

А.А. Жантаева, доктор PhD, доцент
АО «Университет «Нархоз», г. Алматы, Казахстан

Методологические инструменты управления пенсионными активами

Аннотация. Пенсионная реформа коренным образом изменила пенсионную систему Казахстана, преобразовав все базовые институты и механизмы, действующие до этого системы государственного социального обеспечения. Соответственно менялись определения, понятий и дефиниции, выражающие наиболее существенные черты и содержание изучаемого явления, так называемое инструментария в виде концепций, идей, методов, средства организационные формы для достижения определенных целей. В данной работе автором выделены органические взаимосвязанные понятия «пенсионные накопления», «пенсионные активы» «пенсионный капитал», «пенсионный резерв» и уточнить

их экономическое содержание. А также представлена инструментальная структура пенсионного рынка и дана классификация финансовых инструментов ЕНПФ (Единый накопительный пенсионный фонд) его преимущества и недостатки.

Ключевые слова: финансовые инструменты, пенсионные накопления, пенсионные активы, пенсионный капитал, пенсионный резерв.

A.A. Zhantaeva, Associate Professor, PhD
«Narxoz» University, Almaty, Kazakhstan

Methodological tools of management pension assets

Abstract. Pension reform has fundamentally changed the pension system of Kazakhstan, by converting all the basic institutions and mechanisms applicable to this system of state social security system. Respectively determinations, concepts which express the most essential lineaments and content of the studied phenomenon, so-called tools as concepts, the ideas, methods, means organizational forms for achievement of particular purposes changed. In this paper works author allocated the organic interconnected concepts «pension accruals», «pension assets» «the pension equity», «a pension allowance» and clarify their economic content. And also the tool structure of the pension market is provided and classification of financial instruments SAPF (Single Accumulation Pension Fund) of its benefit and shortcomings is this.

Keywords: financial instruments, pension savings, pension assets, pension capital pension reserve

Д.А. Глеужанова¹, экономика ғылымдарының кандидаты,
Экономикалық факультетінің «Қаржы» кафедрасының қауымдасты-
рылған профессор міндетін атқарушы

Ж.Б. Аяпова², 2 курс магистранты

^{1,2} С. Сейфуллин атындағы Қазақ Агротехникалық Университеті,
Астана қ., Қазақстан

ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ МИКРОҚАРЖЫЛАНДЫРУ ЖҮЙЕСІНІҢ ЖАҒДАЙЫН ТАЛДАУ ЖӘНЕ БАҒАЛАУ

Түйіндеме. Микроқаржыландыру мемлекеттің әлеуметтік міндеттерін шешуде маңызды рөл атқарады, өйткені кәсіпкерлік ортаны қалыптастыру, жұмыссыздықты төмендету мен тұрмыс жағдайы төмен халықтың өмір сүру деңгейін жоғарылату үшін банктік несиелеуден тыс қалған халыққа және бизнеске қаржылық қызмет көрсетуді жүзеге асырады. Микроқаржыландырудың экономикалық мақсаттарының бірі жаңадан құрылған кәсіпкерлерге бастапқы капитал түрінде кредиттік ресурстардың қол жетімділігі болып табылады.

Берілген мақалада Қазақстан Республикасындағы микроқаржылық ұйымдардың жағдайына талдау жасалған. Қазақстандағы микроқаржылық ұйымдардың даму проблемалары және микроқаржыландыру институтының даму бағыттары анықталған. Микроқаржыландыру жүйесінің жағдайын кешенді зерттеу, талдау және бағалау негізделген ұсыныстар мен нұсқауларды әзірлеуге мүмкіндік береді. Қазіргі кезде микроқаржыландыру жүйесі ресурстарды қалыптастыру проблемаларына, сондай-ақ несиелендіру процесін жақсартуға жаңа көзқарасты талап етеді. Микроқаржылық ұйымдардың қызмет етуінің сапасы басым деңгейде оның ресурстық базасының жағдайымен анықталады. Осыған байланысты микроқаржылық ұйымдардың жағдайын талдауға, ресурстық базасын кеңейтуге және микроқаржыландыру жүйесін жетілдіруге бағытталған практикалық ұсыныстарды өңдеумен айқындалатын тақырыптың аса өзектілігі артады.

Түйінді сөздер: микроқаржыландыру, микрокредиттеу, микроқаржылық ұйымдар, кредит нарығы, кредиттік жүйе, кредиттік портфель, микроқаржыландыру жүйесі.

Кіріспе. Қазақстанда қаржы-кредиттік қызмет көрсету негізінен банктік сектормен жүзеге асырылады. Дегенмен, соңғы жылдар

денциясы кредиттік нарықтағы микроқаржыландырудың даму серпініне көңіл аударуды қажет етеді, өйткені микроқаржыландыру кредит жүйесінің инновациялық құралдарының бірі ретінде тырылуда.

Қазақстанда Ұлттық экономиканың қаржылық тұрақтылығына жағымсыз әсер ететін бірқатар әлеуметтік-экономикалық проблемалар ретінде халықтың әл-ауқатының төмен деңгейі, жұмыссыздық, қоғамның табысын саралау қарастырылады. Халықтың әл-ауқатын көтеру үшін негіз шағын кәсіпкерлікті дамыту болып табылады. Шағын кәсіпкерлікті дамыту едәуір дәрежеде қысқа мерзімді және ұзақ мерзімді қаржылық ресурстармен қамтамасыз етілуіне тәуелді. Сол себепті, микроқаржыландыру қысқа мерзімді қаржылық ресурстармен қамтамасыз етудің айрықша нысаны ретінде маңызды рөл атқарады [1].

Сондай-ақ, өтімді қамтамасыз етудің, рентабелді жобалардың және кредиттік тарихтың болмауы, жоғары операциялық шығындар салдарынан банк секторы шағын кәсіпкерлікті кредиттеуге қызығушылық туғызбауы Қазақстандағы микрокредиттеу жүйесін дамытудың қажеттілігін шарттайды. Ал бұл өз алдына микроқаржылық ұйымдардың қаржылық қаражаттарының шектеулілігі, құқықтық-материалдық базаның жеткіліксіз дамуы және кадрлық құрамның сапасының төмендігі сияқты проблемалардан тұрады. Осыған байланысты Қазақстандағы микроқаржыландыру жүйесінің жағдайын және даму перспективасын зерттеу проблемасы, шағын кәсіпкерлікті қаржыландыру мен кредиттеудің ұйымдық механизмдер, ұсыныс пен сұраныс шеңберіндегі жиналған қарама-қайшылықтар қатары кредит-қаржылық қолдауды дамытудың жетілдіру механизмдерін іздеуді қажет етеді. Осы орайда микроқаржылық ұйымдар тарапынан кредиттеудің рөлі ерекше екендігі сөзсіз. Микроқаржылық ұйымдардың қызметін талдау және бағалау, проблемалары және дамыту перспективаларына бағытталған жетілдіру аса өзекті болып табылады. **Эксперименталды бөлім.** Микроқаржыландыру жүйесінің жағдайын талдау және бағалау барысында зерттеудің мынадай әдістері қолданылды:

– микроқаржыландырудың қажеттілігін негіздеуге бағытталған зерттеу мақсаты мен міндеттерін анықтау кезінде абстрактты-логикалық;

– микрокредиттеу нарығының жағдайына талдау жасау барысында экономика-статистикалық әдіс;

– микроқаржылық ұйымдардың проблемаларын қарастыру және оларды шешуге бағытталған ұсыныстарды өңдеу барысында монографиялық әдіс қолданылды.

Зерттеудің мақсаты Қазақстандағы микроқаржыландырудың жағдайын талдау және бағалау, елдің әлеуметтік-экономикалық дамуындағы микроқаржыландырудың рөлін анықтау арқылы оларды жетілдіруге бағытталған ұсыныстар әзірлеу болып табылады.


Зерттеу барысында микрокредиттеу ерекшеліктеріне сипаттама беріп, микроқаржылық ұйымдардың жағдайына талдау жасау негізінде проблемеларын анықтап, оларды шешуге бағытталған ұсыныстар кешені жұмыстың ғылыми жаңалығы болып табылады.

Зерттеу барысында анықталған микроқаржыландыру жүйесін жетілдіру бойынша ұсыныстардың автормен әзірленген, мемлекеттің және микроқаржыландыру саласындағы қаржылық субъектілердің өзара байланысы тәжірибе жүзінде пайдаланылуы мүмкін. Сонымен қатар, микроқаржыландыру жүйесін жетілдіруге бағытталған ұсыныстар ҚР мемлекеттік билік органдары мен жергілікті өзін-өзі басқару субъектілерімен елдің әлеуметтік-экономикалық дамуы бағдарламаларын жасау үшін практикалық маңыздылығы бар.

Нәтижелері және талқылау. Микроқаржыландыру мемлекеттің әлеуметтік міндеттерін шешуде үлкен рөл атқарады, өткені банктік несиеге жатпайтын халыққа және шағын кәсіпкерлікке қаржылық қолдау көрсету тұрақты кәсіпкерлік топтарды қалыптастыруға, жұмыссыздықты төмендетуге, нашар қамтамасыз етілген халықтың өмір сүру деңгейін жоғарылатуға әсерін тигізеді. Микроқаржыландыру қызметінің негізі бола отырып микрокредиттеу өз қыметін дамыту үшін дәстүрлі банктік несие алуға мүмкіндігі жоқ, шағын кәсіпкерлік иелерінің қарыз қаражаттарына қолжеткізуіне бағытталған. Сонымен микрокредит тұрмысы төмен тұлғалардың пайда табуы мақсатында бизнесін құру және дамытуы үшін беріледі [2].

Қазақстанда микроқаржыландырудың дамуы 2003 жылы «Микрокредиттік ұйымдар туралы» ҚР Заңының қабылдануынан бастап негіз алды, бірақ бұл заңнамада микрокредиттік ұйымдар қызметін реттеуге көңіл бөлінбеді [3]. Микроқаржы нарығының айқындылығын арттыру, жалпы ережелермен талаптарды енгізу үшін 2012 жылы «Микроқаржыландыру туралы» Заң қабылданды, заң талаптарына сәйкес барлық микрокредиттік ұйымдар микроқаржы-лық ұйым ретінде қайта тіркеуден өтуі тиіс және ҚР Ұлттық банкіне есеп беруі керек болды [4].

Заң күшіне енген сәттен бастап Қазақстан Республикасындағы микрокредиттік ұйымдардың санының өзгерісін қарастыратын болсақ, олардың динамикасы 1-суретте келтірілген.



Сурет 1. ҚР-дағы микрокредиттік ұйымдар динамикасы

Ескерту: ҚР Статистика Комитетінің мәліметтері негізінде автормен құрастырылған [5]

Сурет мәліметтерінен көріп отырғанымыздай, әрекет етуші микрокредиттік ұйымдар саны барлық тіркелген микрокредиттік ұйымдардың 43% құраған. Сонымен қатар, микрокредиттік ұйымдардың санының 2013 жылдың басынан бастап аса күрделі өзгеріске ұшырамағанын байқап отырмыз.



Сурет 2. Қазақстандағы микроқаржылық ұйымдардың саны

Ескерту: ҚР Статистика Комитетінің мәліметтері негізінде автормен құрастырылған

«Микроқаржыландыру туралы» Заңға сәйкес қызмет етуші микрокредиттік ұйымдар 2016 жылдың 1 қаңтарына дейін ҚР Ұлттық Банкіне тіркелуі қажет болатын, осыған байланысты кейбір компаниялар бірден микроқаржылық ұйымдарға ауысты, ал кейбіреулері көзделген мерзім соңында ғана ауысты. Нәтижесінде аталмыш нарықта «тазарту» жұмысы жүргізілді. Дегенмен, 1750-ге жуық микрокредиттік ұйымдардың бүгінгі таңда тек 149 ғана микроқаржылық ұйымға ауысып, ҚР Ұлттық Банкінің реестрінде тіркелген. Жоғарыдағы 2-суретте Қазақстандағы микроқаржылық ұйымдардың санының өзгеріс динамикасы келтірілген.

Сурет мәліметтерінен көріп отырғанымыздай, заңнама қабылданғаннан бастап микроқаржылық ұйымдардың саны 29,8 есе өскен. Дегенмен, 2015 жылы тіркелген 1583, оның ішінде әрекет етуші 684 микрокредиттік ұйымның, тек 149 ғана микроқаржылық ұйымға ауысып қайта құрылымдалған, ал қалған 549 микрокредиттік ұйымның кейбіреуі ломбардтарға ауысқан. Ал басқа микрокредиттік ұйымдар өздерінің қызметін қалай жүргізіп жатқандығы белгісіз болып отыр [5].

Сонымен қатар Қазақстанның микроқаржылық ұйымдар қауымдастығының деректеріне сүйенсек, бүгінгі күні тиісті есеп беретін, айқын және анық қызмет көрсететін Ұлттық банк тізіміндегі 150-ге жуық микроқаржылық ұйымдар микроқаржылық ұйымдар қауымдастығының мүшелері болып табылады [6].



Сурет 3. Банктер және микроқаржылау ұйымдарының кредиттік портфелі, млрд тг

Ескерту: ҚР ҰБ мәліметтері негізінде автормен құрастырылған

Кредит нарығының басты субъектілері ретінде микроқаржыландыру ұйымдарын және банктерді қарастыратын болсақ, олардың ссудалық портфелінің өзгеріс динамикасы жоғарыдағы 3-суретте келтірілген.

Кредиттік портфельге талдау жасайтын болсақ, банктердің кредиттік портфелінің мөлшері жылдан жылға төмендеу тенденциясына ие болған, ал микроқаржыландыру ұйымдарының кредиттік портфелінің мөлшері жоғарылау тенденциясына ие болғанын көруге болады. Бұл тенденция ШОБ субъектілерінің жылдан жылға көбеюімен байланысты

Қазір таңда кредит нарығында микрокредиттерге сұраныс жоғары болып отыр. Аталған қызметтің ең тартымды тұсы, тапсырыстың қарастырылу мерзімінің қысқалығы. Жоғарыда келтірілген талдау мәліметтері микроқаржыландыру жүйесінің дамуының оң тенденциясын сипаттағанымен, оның проблемалары жеткілікті болып отыр [7].

Салымшылардың мүддесін қорғау мақсатында және қаржылық сектордың тұрақтылығын қамтамасыз ету үшін мемлекеттік реттеу органдарының көңілдері, халықтың депозиттерін тарту қызметімен айналысатын институттарға бөлді. Басқа институт түрлерін басқару, микроқаржылық институттарды қоса алғанда, ол мақсатқа сай емес, өйткені олардың қызметі тәуекел жүйесіне ықпал етпейді.

Микроқаржыландыру жүйесінің проблемалары:

- микрокредиттеу пайызының жоғарылығы;
- кредиттік қаражаттың қайтарылмауы;
- микроқаржыландыру туралы заңнаманың толық көлемде микроқаржылық қызметтер түрлерін қамтымауы;
- микроқаржылық ұйымдардың бағалы қағаздар шығара алмауы;
- микроқаржылық ұйымдардың қаражат тарту проблемалары.

Микрокредиттеу пайызының жоғарылығы микроқаржылық ұйымдармен берілетін кредиттердің пайызының жоғары болуы микрокредит тұтынушылары үшін ауыртпалық туғызатын басты проблемалардың бірі. Бірақ олар банк кредитін алу мүмкіндігі жоқ болғандықтан микроқаржылық ұйымдардың жоғары пайызды кредиттерін алуға мәжбүр болып отыр. Микрокредит пайызын төмендету үшін мемлекет тарапынан қолдауды, микроқаржылық ұйымдардың қосымша қаражаттар тарту көздерін кеңейту, қор нарығындағы қызметін жүргізуге мүмкіндік беру қажет [8].

Бүгінгі күні микроқаржылық ұйымның негізгі проблемасы кредиттік қаражаттардың қайтарылмауы болып табылады, себебі микрокредиттеу нарығының басты ерекшелігі оның қарыз алушыларының шектелуі. Микрокредиттік ұйымдардың басым бөлігінде жұмыстың сапалы стандарттарының жоқтығы байқалады.

сінде, бұл кредиттерді қайтармаудың жоғары пайызына және зияндылыққа әкеледі. Жағдайды қаржылық дағдарыс қиындатуда және ол бірінші кезекте микроқаржылық ұйымдар жұмысжасайтын шағын кәсіпкерлерге әсер етті. Нәтижесінде, олардың көпшілігі мерзімі өтіп кеткен және ұзартылған несиелер проблемасына райды.

Микроқаржыландыру туралы заңнаманың толық көлемде микроқаржылық қызметтер түрлерін қамтымауы және микроқаржылық ұйымдардың қаражат тарту проблемаларын Қатаң қаржылық шектеулерге қарамастан, жинақтаушы қызметін ұсыну, біздің ойымызша, микроқаржылық қызметтің маңызды бөлігі болып табылады. Микроқаржылық ұйымдардың маңызды мақсаты болып, яғни жинақтарды тартудың тиімді бағдарламасын жасау кезінде, депозиттік қызмет көрсетуге бейімделуі болып табылады. Бұл қызмет түрін дамыту қаржылық қызмет көрсетудің тиімді интеграциясын құруға ықпалын тигізеді, сыртқы қаржылық көздерден Микроқаржылық ұйымдардың тәуелділігін төмендету және операциялық шығындарды жабу үшін ақша қаражаттар ағынының тұрақтылығын құру. Ұсынылып отырған жинақтаушы қызметіне орай микроқаржылық ұйымдар маңызды жетістіктерге, яғни несиелік операцияны кеңейту үшін тұрақты және арзан қаражат көздерін тартуға қол жеткізеді [9]. Сонымен қатар, өздерінің тәуекелділігін төмендетеді және сыртқы факторларға тәуелді болмай, қаражат тарту проблемасын шешуге мүмкіндік алар еді. Дегенмен, «Микроқаржыландыру туралы» Заңға сәйкес микроқаржылық ұйымдарға халықтың салымдарын тарту қызметіне тиым салынған.

Қорытынды. Микроқаржыландыру және микрокредитті зерттеу, халықтың аз қамтамасыз етілген категорияларына қаржылық қызмет ететін микроқаржылық институттар қызметінің жетістігін көрсете алады. Соңғы уақытта микроқаржылық ұйымдардың санының тұрақты көбею тенденциясы байқалуда. Микроқаржылық ұйымдар өзінің мынадай қасиеттеріне: мобилділік, икемділік, қызмет көрсетудің ықшамдалған схемасына байланысты аймақтардағы және әсіресе ауылдағы қаржылық қызметтің негізгі жабдықтаушысы болып қалуда [10].

Микроқаржылық ұйымдарының негізгі проблемаларының бірі қаржылық қаражаттарды қалыптастыру болып табылады. Қаржыландырудың мүмкін болатын көздерінің бірі ретінде қаржылық құралдарды, оның ішінде бағалы қағаздарды шығару жолымен капиталды тарту болып табылады. Дегенмен, бүгінгі таңда микроқаржылық ұйымдарға бағалы қағаздар шығаруға заңмен тиым салынған. Жалпы облигация шығару ішкі көздерден қаражаттар тартуға және микроқаржылық ұйымдарды қаржыландыру проблемасын шешуге мүмкіндік берер еді.

Қазіргі уақытта микроқаржылық нарыққа қаражат тарту үшін қаржылық институттардың қызығушылығын жоғарылату керек. Бұл жағдайда, қаржылық институттарды микроқаржыландыру нарығына максималды түрде тартуға банктер мен сақтандыру ұйымдары көп көңіл бөлулері керек. Коммерциялық банктермен тығыз бірлестікте болу микроқаржылық ұйымдардың айналым капиталын өсіруге және арзан кредит беру арқылы борышқорлардың біршама көлемін тартуға көмектеседі. Бірақ, банктер мұндай ұсыныстарға бара бермейді, өйткені микроқаржылық жүйе жоғарғы тәуекел зонасы болып табылады.

Сонымен, микроқаржыландыру жүйесінің проблемаларын шешу үшін, банктердің кредиттеу пайызын төмендетуге қызығушылығын жоғарылату, Заңнамаға толықтырулар енгізу, микросалымдар тарту қызметін енгізу, қосымша қаражат тарту үшін секьюритилеуді жүзеге асыру, исламдық кредиттеу принциптерін микроқаржыландыруда қолдану қажеттілігі орын алып отыр.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Микрофинансирование в Казахстане: возможности для всех (Отчет ПРООН), А.: 2005. – 85 с.

2. Цхададзе Н.В. Микрофинансирование за рубежом: опыт решения социальных задач/ Экономика. Налоги. Право. 2017. Т. 10. № 1. С. 101-109. <https://elibrary.ru/item.asp?id=28930282>.

3. «Микрокредиттік ұйымдар туралы» ҚР Заңы № 392-ІІ от 06.03.2003 ж.

4. «Микроқаржы ұйымдары туралы» ҚР Заңы № 56-V, 26.11.2012 ж.

5. ҚР Статистика Комитетінің мәліметтері 2014-2016 жж. / www.stat.gov.kz.

6. ҚР Ұлттық Банкінің мәліметтері/ <http://www.nationalbank.kz/>

7. Под крылом Нацбанка – интервью с директором Ассоциации микрофинансовых организаций Казахстана (АМФОК). А. Глуховым // <http://expertonline.kz/a14571/>

8. Қазақстан Республикасының қаржы секторын дамытудың 2030 жылға дейінгі тұжырымдамасы 2014 жылғы 29 тамыз № 954 Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысымен бекітілген.

9. Шилов В.А. К вопросу определения критериев классической микрофинансовой деятельности // Интернет-журнал «Наукосведение» Том 9, № 1 (2017). <http://naukovedenie.ru/PDF/31EVN117.pdf>.

10. Асилова А.С., Тлеужанова Д.А., Ауыл шаруашылығын микронесиелеуді жетілдіру перспективалары // Хабаршы экономика сериясы № 6 (118). – 2015, Б.194-204.

Д.А. Тлеужанова¹, кандидат экономических наук, и.о. ассистента
профессора кафедры «Финансы»

Ж.Б. Аяпова², магистрант 2^{го} курса

^{1,2} Казахский Агротехнический Университет имени С. Сейфуллина,
г. Астана, Казахстан

Оценка и анализ состояния системы микрокредитования в Казахстане

Аннотация. Микрофинансирование играет большую роль в решении социальных задач государства, так как предоставление финансовых услуг населению и бизнесу, находящемуся за пределами банковского кредитования способствует формированию предпринимательской среды, снижению безработицы, и повышению уровня жизни малообеспеченных слоев населения. Одна из основных экономических целей микрофинансирования состоит в обеспечении доступности начинающим предпринимателям кредитных ресурсов в виде стартового капитала.

В данной статье проанализировано состояние микрофинансовых организаций в Республике Казахстан. Определены проблемы развития микрофинансовых организаций и направления развития института микрофинансирования в Казахстане. Перспективы развития системы микрофинансирования в Казахстане связаны с проблемами стабильности финансового рынка. Всесторонние исследования, анализ и оценка ситуации в микрофинансовой системе, позволяют разработать обоснованные рекомендации по совершенствованию деятельности микрофинансовых организаций. В настоящее время система микрофинансирования требует нового подхода к проблемам формирования ресурсов, а также улучшения процесса кредитования. Качество функционирования микрофинансовых организаций в значительной степени определяется состоянием ее ресурсной базы. В связи с этим, данная тема приобретает исключительную актуальность, что проявляется в необходимости анализа состояния и выработке практических рекомендаций, направленных на расширение ресурсной базы микрофинансовых организаций и совершенствование системы микрофинансирования.

Ключевые слова: микрофинансирование, микрокредитование, микрофинансовые организации, кредитный рынок, кредитная система, кредитный портфель, микрофинансовая система.

D. Tleuzhanova¹, candidate of economic sciences, acting associate Professor of the Chair «Finance»

Zh. Ayapova², 2 year master's student

^{1, 2} S. Seifullin kazah agrotechnical university, Astana, Kazakhstan

Assessment and analysis of the microcredit system in Kazakhstan

Abstract. Microfinance plays an important role in solving the social problems of the state, as the provision of financial services to the population and businesses located outside the Bank lending contributes to the formation of the business environment, reducing unemployment, and improving the living standards of young people. One of the main economic goals of microfinance is to ensure the availability of credit resources in the form of start-up capital for start-up entrepreneurs.

This article analyzes the state of microfinance organizations in the Republic of Kazakhstan. The problems of development of microfinance organizations and directions of development of the Institute of microfinance in Kazakhstan. Prospects for the development of the microfinance system in Kazakhstan are associated with the problems of financial market stability. Comprehensive research, analysis and assessment of the situation in the microfinance system, allow to develop sound recommendations for improving the activities of microfinance organizations. Now the system of microfinancing demands new approach to problems of formation of resources, and also crediting process improvement. Quality of functioning of the microfinancial organizations substantially is defined by a condition of its resource base. In this regard, this subject gains exclusive relevance that is shown in need of the analysis of a state and development of the practical recommendations submitted on expansion of resource base of the microfinancial organizations and improvement of system of microfinancing

Keywords: microfinance, microcrediting, microfinance organizations, credit market, credit system, loan portfolio, microfinance system.

М.Ж. Турысбай¹, магистрант
К.У. Кошкарбаев², доктор экономических наук, профессор
^{1,2} Казахский Национальный Педагогический Университет
имени Абая, г. Алматы, Казахстан

ОСНОВНЫЕ НАПРАВЛЕНИЯ СТРАТЕГИЧЕСКИХ РЕШЕНИЙ ПО ПОВЫШЕНИЮ КОНКУРЕНТОСПОСОБНОСТИ ПРЕДПРИЯТИЯ

Аннотация. В статье рассмотрены эффективные стратегии повышения конкурентоспособности предприятия. Как показывают исследования, в настоящее время отсутствует единая стратегия обеспечения конкурентоспособности предприятия. Результаты анализа работ, как зарубежных так и отечественных ученых, позволили выявить ключевые направления выбора стратегических решений, направленных на повышение конкурентоспособности предприятия.

Формирование направлений выбора стратегических решений обеспечения конкурентоспособности предприятия является одной из главных и сложных задач процесса стратегического управления предприятием.

Обеспечение высокого уровня конкурентоспособности предприятия должно происходить на уровне выбора ими направлений стратегических решений. Это связано с тем, что формирование конкурентных преимуществ компании тесно связано с её деятельностью в будущем и дальнейшими изменениями во внешней среде.

Механизм формирования и реализации стратегических решений по повышению конкурентоспособности компании состоит из нескольких взаимосвязанных этапов для выявления реального уровня конкурентоспособности предприятия, формирования конкурентных стратегий предприятия, анализа возможных событий при внедрении определенной стратегии и их выбора, и контроля за внедрением стратегии.

Механизм выбора стратегических решений обеспечения конкурентоспособности является элементом системы конкурентных стратегий, в состав которой также входят стратегия формирования конкурентных преимуществ и стратегия конкурентного поведения.

Ключевые слова: конкурентоспособность предприятия, стратегические решения, механизм обеспечения конкурентоспособности, конкурентная среда, стратегия.

Введение. Быстрое и достаточно неравномерное развитие национальной экономики, а также нестабильность рыночной среды, сопровождаются усилением конкурентной борьбы на рынке. Обострение конкуренции побуждает предприятия создавать конкурентоспособные товары и услуги, что приводит к необходимости совершенствования стратегических решений, направленных на повышение конкурентоспособности бизнеса.

Важную роль в обеспечении получения страной стабильной доли мирового дохода в условиях глобализации играет наращивание конкурентоспособности экономики за счет укрепления позиций отечественных предприятий, как на внутренних, так и на мировых рынках. В условиях реализации программы ускоренного индустриально-инновационного развития укрепление конкурентоспособности отечественных предприятий является одним из приоритетов дальнейшего экономического развития. Приоритетность задач повышения конкурентоспособности казахстанских предприятий отмечается во многих программных документах социально-экономического развития Казахстана в современных условиях и в перспективе. В частности, вопросы укрепления конкурентоспособности экономики, отдельных ее секторов и предприятий затрагиваются в Стратегии развития «Казахстан-2050», Стратегическом плане развития Казахстана до 2025г. и других.

В обращении Президента Н.А. Назарбаева к народу Казахстана в 2018 г. обращается внимание на новые возможности для развития в условиях четвертой промышленной революции за счет расширения использования цифровых технологий, внедрения новых подходов к управлению. Подразумевается, что первостепенную важность представляет поиск и обеспечение путей повышения устойчивости предприятий и экономики в целом к современным вызовам, обусловленным усилением процессов глобализации и т.п. Вполне очевидным является то, что в современных условиях предприятия должны более продуманно использовать как имеющиеся материальные ресурсы, так и нематериальный капитал (знания, опыт, репутацию, деловые контакты с партнерскими организациями и т.п.).

Экспериментальная часть. В рассмотренных выше и других документах отмечается необходимость усиления конкурентоспособности национальной экономики путем ее диверсификации, снижения зависимости от экспорта сырьевых материалов и развитие отечественных экспортно-ориентированных производств, способных конкурировать в постоянно изменяющихся условиях, поддерживающих необходимый уровень социально развития, нацеленных на развитие «зеленой экономики» и эффективно использующих имеющийся ресурсный потенциал (материально-технические ресурсы, человеческий капитал, знания). Также во всех программных до-

кументах, и в том числе ежегодных обращениях Президента РК к народу Казахстана, отмечается необходимость развития отраслей инфраструктуры (транспорта, коммуникаций, финансовых услуг и т.п.), что определяется необходимостью создания условий для ведения бизнеса, а также создания условий для интеграции республики в мировое экономическое пространство. Реализуемые меры по укреплению конкурентных позиций Казахстана опираются на результаты исследования рейтинга глобальной конкурентоспособности Республики Казахстан.

